

## ЕЛДІҢ ҚАМЫН ЕР ОЙЛАР



ГАЙДИН  
ОЙЛАНЫП  
ОТЫР...

2-бет

## КҮШІМІЗ – БІРЛІКТЕ



МЕМЛЕКЕТТІҢ  
ТІРЕГІ –  
АЗАМАТТЫҢ ЖҮРЕГІ

3-бет

## КӨКЕЙКЕСТІ



ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСТІ  
НАУҚАНШЫЛДЫҚҚА  
АЙНАЛДЫРМАУ КЕРЕК

4-бет

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ Парламент палаталарының біріккен мәжілісінде жасаған баяндамасы қозғамды толғандырып жүрген мәселелерді тап басумен тәнті етті. Қазақстан халқы зор ықыласпен қарсы алған баяндамада айтылған көкейкесті бастамалардың бір парасын газет бетіне жариялауды жөн көрдік.



## «ҚАСІРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕШІЛІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
Қазақстан Республикасы-  
ның

Президенті:

Осы тұста қор өзінің негізгі міндетін орындап отыр ма?! Яғни «ұлттық байлықты еселей алды ма» деген орынды сұрақ туындайды. Қомақты жалақы алатын қызметкерлері, директорлар кеңесі немен айналысады?! Қызметі өте қымбат консалтинг компанияларын және шетелдік мамандарды жұмысқа тартқаннан пайда бар ма?!», Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырамын. Егер қорда реформалау мүлдем мүмкін болмаса, ондай құрылымның экономикамызда болмағаны жөн.

\*\*\*

«Самұрық-Қазына» қорының сатып алуларының ашықтығына қатысты мәселелер бар. Осы орайда шағымдар жиі түсіп жатыр. Сондықтан бұл мәселелерге қатысты шешім жасалуы керек. Бұл

тұрғыда «Самұрық-Қазына» қоры мен басқа да ұлттық компаниялардың сатып алулары тәртібін қайта қарастыру міндеті алда тұр. «Өткен жылы реттелетін сатып алулар туралы заң шықты. Алайда мәселелердің көбісі бұрынғысынша заңға тәуелді актілер мен қордың шешімі деңгейінде шешіліп келеді. «Самұрық-Қазына» ережелері мен рәсімдерін Қаржы министрлігі мен Бәсекелестікті қорғау және даму агенттігімен келісуді қамтамасыз ету керек.

\*\*\*

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі мен қолжетімділігі туралы әділ сұрақтар туындап жатыр. Қалыптасқан жүйе негізінен ірі құрылымдарға «достарға – бәрі, қалғандарына – заң бойынша» қағидатымен қызмет көрсетуге бағдарланған. Шын мәнінде қазіргі жүйе экономикадағы олигополияны одан әрі күшейтеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев прокуратура, қаржы министрлігі мен өзге мемлекеттік органдар кедендегі, әсіресе Қытаймен шекарадағы жағдайды «тәртіпке келтіруі керек» деп мәлімдеді.

► 3-бетте

## ЖЕЗҚАЗҒАНДАҒЫ ЕРЕУІЛ ЫРЗА ДА, ЫЗА ДА ЕТТІ

ШЕРУ МЕ,  
ТӨҢКЕРІС ПЕ?

Бейбіт шеруден ереуілге ұласты деген стихиялы қозғалыс ақыры мемлекеттік билікті күшпен басып алуға талпынған жат күштердің төңкеріс жасамақ болған әрекеті болып шықты. «Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал шықты» немесе «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деген осындай-ақ болар. «Жау жоқ деме жер астында, бөрі жоқ деме бөрік астында» дегенді айтқан қазақ данышпан-ау!

Еліміздің батысындағы бауырларымыз газ бағасының аз уақыт арасында 60 теңгеден 120 теңгеге өскеніне наразы болып бастаған бейбіт шеру түріндегі акциясы басында Жаңаөзен қаласында болуымен ғана елденіп еді. Он жыл бұрын шеруге шыққан бейбіт мұнайшылардың қаны төгілген алаңдағы кез-келген қозғалыс қоғамдық-саяси қатынастың барлық тараптарына бірдей әсер ететін болғалы да біраз су ақты ғой. Бұл жолы да Қазақстанның жер-жеріндегі азаматтық белсенділер жаңаөзендіктерге қолдауларын түрлі жолдармен білдіре бастады. Негізгі құрал әлеуметтік желілер болғаны ақиқат. Әрі қарай «өнге салсам қозады қай-қайдағым» дегеннің кебі келді. Яғни, әр аймақ өз қабырғасына батып, ұйқысын қашырып жүрген мәселелерін желілерге жазып, биліктен шешілуін талап ете бастады. Сол сол-ақ екен бірқатар ірі қалалардағы алаңдарға шығып жаңаөзенді қолдай тұра, өз облысы, аймағындағы шешім таппай отырған сұрақтардың қаперге алынып, шешілуін талап еткен белсенділердің хабары тарап, таспаға түсірілген ақпаратты галамторды жаулай жөнелді. Әрі қарай не болғаны бүгінде баршаға аян...

БЕРЕРІ ЖОҚ ӘКІМНІҢ,  
БЕДЕЛІ ДЕ ЖОҚ

«Кенеден кенеден болды, кедергі кенеден болды?» Шындығында да бейбіт шеру бірден төңкеріске ұласып кеткен жоқ қой. Жат пигылды терроршылар өз мақсаттарына пайдалану үшін арандатып, қантөгіске жеткізгенше дейін де еліміз бойынша алаңдарда мыңдаған адамдар билікті жағасынан алып жатты. Әрине, мүмкін болғанша өркінетті түрде. Әр облыстағы әрекеттің сипаты әр түрлі болғаны және рас. Аяқ астынан лап ете қалған наразылық акциясына аспанның түскендей аң-таң қалғанымен, неге осылай болғанын биліктің білмеуі мүмкін бе еді? Әрине жоқ. Апта, айды былай қоя тұрып жылдарға жалғасқан мемлекеттік басқарудағы дағдарысқа деген халық ызасы осылай көрініс берді. Жылдан жылға тұрақты түрде ауысса да, түбегейлі шешім таппай, әбден асқынған тұрмыстық мәселелердің ашуы шампанның тығынындай тарс ете түсті. Жергілікті биліктің күзретін шектен тыс шектей келе халықпен тікелей қатынастағы билік өкілінің, яғни, қала, аудан әкімдерін аты дардай, мүмкіндігі қылдай қуыршақ шенеунікке айналдырған жоғарыдағылардың саясаты қате екенін өмір шындығы осылай дәлелдеді. Олай деуге қарамағындағы халқының сұранысы, басына туған мәселесін шешуге қазіргі облыстан төмен әкімдердің қолында жеткілікті тетік жоқ екенін бір кісідей білуім себеп болып отыр. Билікті орталықтандырудағы асыра сілтеушілік жергілікті билікті осындай бейшара жағдайға жеткізді десек, артық айтқандық болмас. Бұл өз кезегінде әкімдер армиясының халық көтеріп отырған мәселелерді шешуге қауқарсыздығын, соған қоса халықтың оларға деген ашу-ызасын туғыза бастады. Әрі беріден соң қала не аудан әкімінің трагикомедиялық сипаты қалыптасып, олар ашулы әжуа мен ызалы құл-

інің нысанына айналды. Осыдан соң «неге алаңдарға халық лек-легімен шыға келді?» деп таң қалуымыз қаншалықты қисынды?!



Әуесқой мүсірілім

Хоош. Сонымен алаңға шығып, мәселелерін заң талаптары шеңберінен шығып кеткен амалдарымен қоя бастаған қазақстандықтар енді бірер сәттен соң мемлекеттік төңкеріс жасауға келген терроршылармен нық тірестіріп тұратынын сезген де жоқ болатын. Өкінішке орай, солай болды. Бейбіт халықтың билікке әсер ету арқылы, тұрмысын түзеп, әл-ауқатын арттыратын нақты жұмыстар жасалуын талап еткен әрекетін жат пигылына пайдаланған әлдебір күштер қала көшелерін қанға бояды. Азаматтық белсенділігі ел игілігіне жаратпақ болған бейбіт тұрғындар мен мемлекет қауіпсіздігін, қоғам тәртібін қамтамасыз етуге міндетті әскер және күштік құрылым сарбаздарының өмірін қиды. Ештеңеден хабары жоқ қарапайым халық белгісіз бір үрей құшағында қалды. Мемлекеттік төңкеріс жасауға батылы мен мүмкіндігі қосқабат жететін топ қайдан шыға келді? Ұйымдастырушы, басшылары кімдер? Қолдау мен қаржыны қайдан алды? Қүзретті органдар осының бәрін қалайша білмеді? Осы және басқа да сансыз сұрақтардың тууы заңды. Нақты жауабын алдағы күндері алармыз деп ойлаймын. Халықтың да күтері осы екені анық.

АЛАШ АЛАҢЫНДА  
НЕ БОЛДЫ?

Елімізді шарпыған шерулік шаралар Жезқазған-Ұлытау аймағында да әртүрлі сипатта көрініс берді. Алдымен мыс алыбы «Қазақмыс» корпорациясының кәсіпорындарындағы жұмыскерлер өндіріс орындарында, ғимараттарындағы мәжіліс залдарында жиналып, жалпыхалықтық талаптарға қосылатындарын мәлімдеулерімен қоса корпорация көлеміндегі мәселелерін де көтере бастады. Мысалы, жұмыс орнында қолайлы жағдай туғызу, айлық жалақыларын көтеру, емдеу-сауықтыруға бөлінетін қаржы көлемін арттыру арқылы өзіне ғана емес, ата-ана, бауырларына да медициналық қызмет көрсету деген сияқты ұсыныстар айтылды. Ақыры өндіріс ошақтарына шоғырланып тұрған жұмысшы таптың қала халқымен қосылып Жезқазған қалалық әкімдігі алдындағы Алаш алаңынан бірақ біреу байқаса, біреу байқамай қалғандай бір жұмбақ халді бастан кешті... Бас-аяғы үш күн, үш түн Алаш алаңын кернеп тұрған ереуілшілердің өздерін қалай ұстағаны, талаптарын қалай

қойғаны көп нәрседен хабар берді. Алғашқы көзге түскені билікпен диалогқа түсу тәжірибесінің аздығы. Сондай-ақ, жиналғандардың көпшілігі мойындап, сөзіне, өзіне ілтипатпен қарайтын көшбасшылардың болмауы. Беделді жігіттер болмады емес, болды. Бірақ олардың әрқайсысы өз бедел биіктігінде қалып, ортақ бір тұлғаға ұйыса алмаған сияқты көрінді. Келесі бір топтың агрессияға бейім екені де менмұндап тұрды. Орнынан айқайлап, дөрекі сөздер айтып, күш қолданғысы келіп, жұлқына ұмтылысып тұрғандардың осы топқа жататыны түсінікті ғой. Ал енді үш күн бойы ереуілшілердің қай талабына болмасын жан-жақты, жалтарусыз жауап беріп, қажет сәттің бәрінде алаңнан табылған қала әкіміне тас лақтырғандардың қылығын алаңдағы ашулы халықтың өзі қолдаған жоқ. Мұндай бейбастықты тоқтатуларын талап еткен де халықтың өзі.

Жалпы қала әкімі мен күштік құрылым өкілдерінің жағдайды ушықтырмауға барынша тырысқан әрекеттері өз жемісін бергенін атап өткенді жөн көрдім. Тікелей өз басын қорлағандай болған іс-әрекеттің қайсысына болса да сабырын сарқымай төзе білген Қайрат Әбсаттаровқа разы болып жүрген жезқазғандықтардың пікірі осыны айғақтайды. Олай болмағанда дәліздерін қара түтіннің ысы қапқан ғимараттың бірі Жезқазған әкімдігінің ғимараты болар ма еді?!

ЕРЕУІЛ  
ҚАЙТАЛАНБАСЫН  
ДЕСЕК,  
ОРИНДЫ ТАЛАПТАРДЫ  
ОРИНДАЙЫҚ

Кез-келген оқыс оқиға сабақ болады. Сабақ алғысы келмеген кердендер мұны түсіне қоймас. Аймақта, қалада бәрі дұрыс болса, осыныша халық алаңда анталап тұрар ма еді? «Қазақмыстың» жұмыскерлерінің бұрынғыдай кеніштер аумағымен шектелмей аймақтың астанасы Жезқазған қаласының орталық алаңына жөнкіле жетуі де ойландырады. Себебі, олар Сәтбаев қаласынан әрі бірнеше шақырым жердегі жұмыс орындарын тастап келіп тұр ғой. Радикалды көңіл-күйдегі кей жігіттерге реніш айта тұра олардың неге ашынып жүргендерін де сұрап, зерттеген дұрыс екені сөзсіз. Аймақ халқының билікке деген наразылық көрсеткішінің арта түсуінің себептері туралы жергілікті үш әкіммен қоса облыс басшысы да терең ойланса, құба-құп болар еді. Кей ретте Жезқазған, Сәтбаев қаласы мен Ұлытау ауданының облыс тарапынан күткеніне қол жеткізе алмай келе жатқаны да өмір шындығы.

Ереуілшілер тарады. Қала тіршілігі қалыпты арнасына түсті. Ендігі кезекте оқыс оқиғаға себеп болған мәселелерді оңтайлы шешуге бағыт ұстануда. Мемлекеттік билікпен қоса «Қазақмыс» корпорациясының басшылары да бұл мәселеге мықтап атсалысуы керек. – Қалай болғанда да Жезқазған аймағының халқы өздерінің тектілігін, жоғары мәдениетін танытты, – дейді алаңда халықпен бірге болған облыстық мәслихаттың депутаты, танымал меценат Бекзат Алтынбеков.

Әрине бұл сөзге біз де қосыламыз. Ел үшін отқа да, суға да түсуге даяр сұсты жігіттер мысты аймақта аз емес. Алар халықтың мұнын мұндап, жоғын жоқтау жолында қандай қадамға да бара алатындарын көрсетіп те жүр. Бірақ, ол қадамдардың қайғысыз-ақ қара киім жамылған қараңғылық ауылына емес, жасампаз істерге толы жарқын болашаққа бастағаны жөн шығар.

Әнуар ОМАР.

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газетіне жазылу жыл бойына жүргізілетінін Сіздердің қаперлеріңізге саламыз. Жазылуды оңтайландыру үшін көрсетілген байланыс нөмірі арқылы (87778902258, Жаннұр Т) «Каспий голд» картасына жазылу құнын аударып, мекен-жайыңызды жазып жіберсеңіз алдағы аптадан бастап газетті алатын боласыз.

Құрметпен,  
аймақтық «SARYARQA» газетінің редакциясы

## АҚПАРАТ АРНАСЫ

ҚАЗАҚСТАНҒА  
КӨМЕКТЕСУГЕ ДАЙЫНБЫЗ!

«Қазақстан ел басына төніп тұрған қиындықтан өз күштері және мүмкіндіктеріне сүйеніп шыға алады», – деді Түркияның Қорғаныс министрі Хулуси Акар Түркия журналистерімен кездесу барысында.

Министр Қазақстанда болып жатқан жағдайды Анкараның жіті қадағалап отырғанын да жеткізген. «Қазақстан Түркияның маңызды одақтасы. Біз елдегі жағдай тез арада қалпына келіп, тұрақтылық пен тәртіп орнайды деп сенеміз. Егер Қазақстан билігі Анкарадан көмек сұрайтын болса, біз қазақ бауырларымызға кез келген уақытта көмекке келуге дайынбыз», – деді Акар.

ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІК КЕЗІНДЕ  
103,7 млрд ТЕҢГЕНІҢ ШЫҒЫНЫ  
КЕЛГЕН

Оның 102 миллиарды теңгесі Алматыға тиесілі. Сонымен қатар, сауда-саттық саласында 1482, қоғамдық тамақтану саласында – 44, қаржы секторында – 61, логистика саласында – 23 және бес ақпарат құралдарының нысандары зардап шеккен.

Қазір Алматыда мұқтаж жандарға көмек көрсететін еріктілер штабы құрылды. Қоғамдық көлік барлық бағытта қатынап жатыр. Халыққа қызмет көрсету орталықтары мен сауда-ойын-сауық орталықтары ашылды.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА  
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ  
РЕЖИМІН БҰЗҒАН 43 АДАМ  
ҚАМАУҒА АЛЫНДЫ

Қарағанды облысында өткен тәулікте 13 қылмыс ашылды. Төтенше жағдай режимін бұзған 43 адам қамауға алынып, 9 тұрғынға айыпшұл салынды.

Бұған қоса 335 адамға ескерту жасалды. Рейд барысында тәртіп сақшылары тыйым салынған 21 затты тәркілеген. Тінту кезінде тегіс ұңғылы 13 қару табылды. Сондай-ақ, 6 есірткі сақтау дерегі анықталды. Қазір Қарағанды өңірінде жалпы жағдай тұрақты. Қала маңына 8 блокбекет қойылған. Полиция қызметкерлерінің айтуынша, коменданттық сағатты бұзғандар қатарында шет ел азаматтары да бар.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА  
ЖАППАЙ ТӘРТІПСІЗДІККЕ  
ҚАТЫСЫ БАР ДЕГЕН КҮДІКПЕН  
ЖҮЗДЕН АСА БҮЛІКШІ ҰСТАЛДЫ

Бұзақылар күштік құрылымдардың «Антитерор» операциясы кезінде құрықталды.

Олардан айғақ зат ретінде қару мен оқ-дәрілер және аманша табылып, тәркіленді. Қазіргі таңда бүлікшілер қамауға алынып, полициямен сотқа дейінгі тергеу амалдары жүріп жатыр. Жалпы қаладағы қақтығысқа қатысы бар 391 күдікті ұсталып, соның 62-не қылмыстық іс қозғалды.

ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ЖЕДЕЛ ШТАБЫ  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӨРТ ОБЛЫСЫНДА  
ҚАРУЛЫ АДАМДАР ТОБЫ  
ҰСТАЛҒАНЫН МӘЛІМДЕДІ

12 қаңтарда Алматы облысы бойынша полиция қызметкерлері Ұлттық ұлан және арнайы жасақ әскери қызметшілері жүргізген жедел іс-шаралар барысында тәртіпсіздіктер кезінде ұрланған 3 винтовкалы карабин, 11 Макаров тапаншасы, оқ қалташалары мен оқ-дәрілер, калибрі 5,45 миллиметр АК-47 тәркіленген. Соталды тергеу басталды.

Шығыс Қазақстан облысында төтенше жағдай тәртібін бұзғаны үшін Mercedes-Benz көлігі тоқтатылған, оның ішінен қала әкімдігіне шабуыл жасау кезінде шерушілер тартып алған резенке таяқ пен дыбыс шығаратын граната табылып, тәркіленген. Соталды тергеу басталды.

Жамбыл облысында ер адам ұсталып, одан аңшылық дүкенінен ұрланған 5 мылтық, әртүрлі калибрлі 110 оқ және 3 автомат пен тапанша тәркіленген. Соталды тергеу басталды.

Таразда «Калашников» автоматы мен ТОЗ-18 автоматы табылып, тәркіленді. Сондай-ақ, Сулак дүкені жанындағы жәшіктен сақтандырғышы жоқ 4 дана электр сөндіргіш граната табылған. Соталды тергеу басталды. Қызылорда облысында ер адам ұсталып, одан полиция ғимараттарына басып кіру кезінде ұрланған Форт-500 маркалы сорапты мылтық алынған. Соталды тергеу басталды.

(Материалдар Qazaqstan.tv, tengri.news.kz, turantoday.com сайттарынан алынды)

Жезқазған-Ұлытау аймағы халқының өмірінде «Қазақмыс» корпорациясының алатын орны ерекше. Аймақта өмір сүріп отырған экономикалық белсенді әлеуметтің басым көпшілігі бала-шағасының несібесін аруағынан айналайын Қанекем тауып берген көк тастың арқасында тауып отыр. Жеті қат жердің тереңінде шөгін жатқан сары атандай сары мысты бұйдасынан жетектеп қан базарға алып келіп саудаға салу үшін соғысқа бергісіз еңбек майданында қара терге шомылып жүр біздің жігіттер. «Еңбек ет те, міндет ет!» деген баба сөзі. Елімізді ересен елеңдеткен қаңтардың аязды күні мен түндерінде өндірістік алаңдарға, кәсіпорын ғимаратының мәжіліс залдарына, ақыр аяғында Алаш алаңына жиналып, маңдай тері, табан ақысының әділ төлеуін талап ету осы міндеттің нақты көрінісі болды.

ГАЙДИН  
ОЙЛАНЫП ОТЫР...

Бірнеше кеңіс, мыс қорыту, құю механикалық зауыты ұжымының түрлі талаптар қойғанын аймақ халқы естіп отыр. Жаңаөзендіктерге оқ атпау, бейбіт шеруге шыққандарды қудаламауы, зейнеткерлікке шығу жасын өзгерту сияқты жалпы бірдей талаптармен қоса «Қазақмыстың» әр кәсіпорны ұжымының өз дербес шарттары да айтылып,

басшылардың шешуіне ұсынылды. Айлық жалақыны көтеру, нақты бір кәсіпорынның басшысын ауыстыру, емдеу-сауықтыру мәселесі дегеннен бастап бірталай ұсыныс, талап қағаздарда қатталып енді оларды орындау үшін қанша шығын шығары шотталып жатқанға ұқсайды. Олай деуімізге арқадағы алып кәсіпорынның басшылары таратқан хабарлама

негіз болып отыр. Онда талап қоюшыларға қаратып «Сіздердің талаптарыңызды түгел естідік. Оларды саралап, сараптап, талқылаудамыз. Жауабын жиырмамыншы қаңтарда береміз. Оған дейін жұмыс ырғағынан жаңылмай әркім өз міндетін атқара берсін» делінген сияқты. Қала құраушы кәсіпорынның қалыптасқан жұмыс режиміне түскенін көріп, біз де осы ауызша келісімнің күшіне енгенін түсініп отырмыз.

Соңғы жылдары «Қазақмыстың» менеджерлер тобында үлкен кадрлық өзгерістер болып, нәтижесінде еңбек майданының қолбасшысы Андрей Гайдин болғанын білеміз. Өзімен бірге ала келген ақылдары көп, білмейтіні жоқ басшылардан өзгесін жергілікті мамандармен толықтырған командасы жеп отырған нандары мен қызыл хәм қара икраларын ақтау үшін ертелі кеш тыпырлап жүргенінен де хабарымыз бар еді. Тек

«арқада қыс жылы болса, арқар ауып несі бар» дегендей кәсіпорын еңбеккерлерінің бейбіт шеруге жаппай дерлік шыққанын көрген соң бұл менеджерлер тобының жұмысындағы олқылықтармен байланысты шығар-ау дәу де болса деп ойланıp қалғанымызды несіне жасырайық. Дегенмен, А.Гайдиннің ереуіл күндері жұмыскерлермен тікелей кездесіп, талаптарын тапқырмай тұрып тындағаны ішімізді жылытқанын да айтайық. Енді міне, ойлануға уақыт сұраған үшбу сәлемін де жолдап отыр. Дұрыс та ғой. Ойлансын. Мықтап ойлансын. Сонда бәлкім қабылдаған шешімдері барлық талаптардың көңілінен шығып, жүздерін жадыратар. Солай болуына біз де тілектеспіз. Сонымен қатар, аймақ халқының қабырғасына батып тұрған әр сұрақты жіті қадағалай беретінімізді де ескерте кетейік.

Әнуар ОМАР

«ТОҚАЕВТЫҢ  
НАЗАРБАЕВТЫҢ  
МЕН БҰЛБҰЛДАРЫ

«Қазақстанның экс-президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси құрылымдағы және бизнестегі кейбір адамдары «жартылай транзитті» аяқтап әрі билікке ықпалын күшейтіп жатқан Тоқаев жаққа өтті» деп санайды қазақстандық саясаттанушы Досым СӘТПАЕВ. Тоқаевтың парламенттегі сөзінен кейін Азаттық сарапшымен сөйлесіп, елдегі өзгерістерді талқылады.

Азаттық: Парламенттегі жиында Тоқаев тағы да Қазақстанға қарсы қандай да бір «күштер» ұйымдастырған «террористік соғыс» туралы айтты. Жау қатысездікпен кез келген әрекетке баруға дайын екенін көрсетті» деді ол. Тоқаев сөзінде атамаған «жау» кім?

Досым СӘТПАЕВ: Біраз адам бұл мәлімдемеден нақтылық күтті. Тым болмаса адамдардың атын атайды деп ойлады. Қазір сахна сыртында әлдебір келіссөздер жүріп жатқан сияқты. Бәлкім, күдікке ілінгендермен келіссөз жүріп жатуы да мүмкін. Айтылмаған жайт көп. Олигархтар, қаржылық-шаруашылық топтар туралы сөздер айтылды. Жайтты білетіндер кімдер туралы сөз болғанын түсінді. Бір жағынан нақты есімдер аталмады.

Азаттық: Тоқаев өз сөзінде Назарбаев жайлы бір рет айттып, бірінші президенттің «арқасында» елде «өте табысты компаниялар мен халықаралық деңгейдегі бай адамдардың тобы пайда болды» деді. Бұл сөз нені білдіреді?

Досым СӘТПАЕВ: Қазір Тоқаев Путиннің жолымен жүруге тырысып жатыр. Путин билікті берген Ельцинге не істеп еді? Ол Ельциннің олигархтарын өз жағына тартып, соққы жасай бастады. Кейін олигархтардың бір бөлігі түрмеге қамалды, бір бөлігі елден кетті, үшінші бөлігі Путин жаққа өтіп, соның командасына қосылды.

Қазақстанда да сондай болады деп ойлаймын. Бір кездері Назарбаевтың маңайында шоғырланған саяси және бизнес элита Тоқаевтың командасына қосылды. Бірінші президентке қызмет еткендердің көбі Тоқаевтың маңына барса айтарлықтай саяси өзгеріс болмайды. Экономикада өзгеріс болар, бірақ саяси сала өзгермей қалуы мүмкін. Тоқаев 30 жыл бойғы жүйені шынмен өзгертісі келсе осы салада жұмысты күшейтуі керек.

Азаттық: Тоқаев экс-президенттің қызына тиесілі утилизация алымы компаниясының жұмысын тоқтатуды, Назарбаев отбасының мүдделері бар кедендегі «былықты» реттеуді тапсырды. Ол тау-кен және мұнай саласын да айтып қалды...

Досым СӘТПАЕВ: Бұл бизнес-құрылымға бірінші президенттің қатысы бар. Елден сыртқа шығатын қаржыны тоқтату туралы мәлімдемесі де осы адамдарға қарата айтылса керек. Мұның бәрі кейінгі оқиғалардан соң басталып, ҰҚК төрағасы Кәрім Мәсімовтің ұсталуынан кейін жеделдеді.

Азаттық: Тоқаев «байлар байлығымен бөліссін» дегенді меңзеді. Енді байлардың тағдыры не болады? Меншікті қайтару яки элита арасында қаржыны қайта бөлісу жүріп жатыр ма?

Досым СӘТПАЕВ: Меншікті қайтару Тоқаевқа тиімсіз. Ол жақсы инвестициялық климатты сақтауға мүдделі екенін айтты. Шетелдік инвесторлар меншікті қайтарудан қатты қорқалды. Қазір инвестиция тарту жағынан елдің басты қарсыласы Өзбекстан екенін ұмытпау керек. Қазақстанда меншікті қайтару басталса, бұл елге ақша салғысы келетін инвесторларды үркітеді.

Меніңше, бұл жерде екі нұсқа бар: қарсылас деп санайтын олигархтарды қатты қысып, басқаларымен келіседі. Екінші нұсқа, оларды белсенді түрде қолданады.

# «ҚАСИРЕТТІ ҚАҢТАР» САБАҒЫ: ҚОҒАМ ТҰТАСТЫҒЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕШЛІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

\*\*\*

Кеденде, әсіресе Қытаймен шекарада тәртіп орнату арқылы бюджет кірісін көбейтудің зор әлеуеті бар. Онда болып жатқан былықтар бәріне мәлім. Көліктер толық тексерілмейді, салықтар мен баждар төленбейді. Қытайдың кеден органдарымен салыстырмалы статистикадағы сәйкессіздік миллиардтаған долларға жетеді. Ешкім тиіспейтін мәртебесі бар кей операторлар бар. Еліміз салық түріндегі ондаған миллиард теңгені жоғалтып отыр. Бұлай жалғаса беруіне болмайды.

\*\*\*

Қазақстан даму банкі қаржы-өнеркәсіп және құрылыс топтары ішінде таңдаулы тұлғалар тобының жеке банкіне айналған. Бәрінің аты-жөні бізге белгілі. Жоғары кабинеттерге кіре алатынын пайдаланып, олар өз жобасын іске асыруда артықшылыққа ие болған. Осы жобаларға кеткен мемлекет қаражатын шағын және орта бизнеске жұмсауға болар еді.

\*\*\*

Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру мақсатында біз жалақы мен зейнетақыны бірнеше рет көтердік. Бірақ, әр уақытта бағаның бақылаусыз өсуімен бетпе-бет келеміз. Бірнеше жыл бойы жоғары инфляция экономикамыздың басты проблемасы болып отыр. Ол экономикалық және әлеуметтік саясаттың тиімділігін төмендетті. Бұл мәселеге нүкте қоятын кез келді. Бағаны және халықтың инфляциялық күтулерін тұрақтандыру керек. Мақсатты дәлізі – 2025 жылға қарай 3-4 пайыз.

\*\*\*

Қазақстанның өңірлері бірдей деңгейде дамып жатқан жоқ. Соның салдарынан кейбір өңірлерде әлеуметтік олқылықтар байқалады. Соңғы күндері болған елдегі жағдай батыс және оңтүстік өңір халқымен қамту деңгейінің төмендігін көрсетті. Аталған өңірлерде бала туу деңгейі жоғары, ал экономика өңір тұрғындарын жұмыспен қамтып үлгері алмай жатыр. Сондықтан да батыс және оңтүстік облыстардың әлеуметтік проблемасы өңірлік емес ұлттық мәселе болып отыр.

\*\*\*

Валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз етпейінше тұрақты экономикалық нарық болуы мүмкін емес. Тәртіпсіздіктер мен төтенше жағдай аясында ұлттық валютаға алысатарлық қысымның елеулі нарықтары пайда болды. Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ішкі және сыртқы нарық қатысушылары тарапынан теңгеге деген сенім толық қалпына келгенге дейін валюта нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуді тапсырамын.

\*\*\*

Экономикалық өсім мемлекеттің экономикадағы үлесін азайтумен тығыз байланысты. Бірақ жекешелендіру жүйелі және ашық жүргізіліп жатқан жоқ. Атап айтқанда, бәсекелестік ортаға берілуі тиіс активтерді іріктеу тәсілдері айқындалмаған. Оны шұғыл әзірлеу қажет. Экономиканы әртарапандыру – күрделі міндет. Әртарапандыру болмаса, азаматтарымыздың әл-ауқатын арттырып, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкін емес. Бұл жұмыстың басты бағыты – өңдеу өнеркәсібін дамыту.

\*\*\*

Қазақстанда тікелей шетел инвестициясын тарту үшін барлық жағдай жасалған. Біз қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталғанына мүдделіміз. Мемлекет ішкі және шетелдік инвесторлардың сенімін қайта қалпына келтіру үшін қажетті барлық іс-шараны қабылдайтындығына сендіргім келеді. Инвесторлар алдындағы мемлекеттің барлық міндеттемелері мен кепілдері толық көлемде орындалатын болады.

Елдегі экономикалық жағдайдың қиындауына мемлекеттік аппараттың әлсіз жұмысы себеп. Тіпті шенеуніктер халықпен тілдесуден қорқады. Енді бұқарамен тікелей жұмыс істей алмайтын басшылардың дәурені келмесе кететін сынайлы.

\*\*\*

Тұтастай алғанда, шенеуніктердің халықпен диалогының тиімділігі бұрынғыша төмен екенін айту қажет. Мемлекеттік органдардың басшылары халықпен тілдесе алмайды, кейде қорқады. Үкімет мүшелері өңірлерге тұрақты түрде шығып тұруы тиіс, ал өңірлердің әкімдері әрбір елді мекеннің тұрғындарымен тұрақты кездесулер өткізуге міндетті.

Тәубешіл халқымыз әділет, абырой және мемлекеті үшін тәуекелшіл де бола алатынын көрсетті. Сын сағатта жуанкершілік алған мемлекет басшысына сеніп, ұлт болып ұйысқан халық, өзінің адал ниетін лаңкестер, содырлар, оларды жұмсаған арамза да ашқарақ ішкі және сыртқы жаулар пайдаланғанына өзегі өртенгенімен, тәуелсіз Қазақстанды, ел мүддесін бәрінен жоғары



## МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ – АЗАМАТТЫҢ ЖҮРЕГІ

кастерлейінін дәлелдеді. Талай боздақтың өмірі құрбан болған қантөгіс кезінде де, Президент басшылығымен тәртіп орнатыла бастағанда да миллиондаған азаматтың биік жауапкершілігін, ынтымағын және отансүйгіштігін көрдік. Халықтың бірлігі мен сенімі президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа батыл шешімдерді уақытылы қабылдап, оларды орындатуға жағдай туғызды. Президенттің кешегі баяндамасы ең жоғары мінберден айтылған ең өткір бағасымен, ел мен жер байлығын халық игілігіне пайдалануға, тәуелсіздікті қорғауға бағытталған өзекті шешімдерімен көңілге сенім ұялатты. Ол шешімдерді жүзеге асыру жанадан жасакталған Үкіметке сын. Аз күнде тез есейіп, өзінің қуаты мен қатар жауапкершілігін де сезген қоғам да, тәуелсіздігіміз бен мемлекетімізді қорғауда бар жауапкершілікті алып, көш бастаған Президент те Үкімет пен әкімдер жұмысын жіті бақылап, қажет кезде түйін түйері сөзсіз.

Қазіргі қысылтаяқ кезде шұғыл шараларды қажет ететін ырғақты жұмысты тез бастау үшін қолда бар адамдарды пайдаланғаны да түсінікті. Олардың әрқайсы да болған оқиғалардан сабақ алып, қоғаммен бірге өзгерді деп үміттенемін. Сын сәттердегі ұстанымдары да тағайындау туралы шешім қабылдағанда ескерілген болар.

Бүгін алғашқы отырысын көрдік. Білуімше, басынан аяғына дейін мемлекеттік тілде өткен алғаш үкімет отырысы. Енді экономиканы көтеріп, халықтың тұрмысын жақсартуға еңбектері жемісті болуына тілектеспін.

Қолымыздан келген көмегімізді көрсетіп, жағдайды қалпына келтіріп, Қазақстанымызды тұрақты дамытуға атсалысуды азаматтық парызымыз деп санаймын. Қордаланған мәселелерді шешуге септесетін нақты ұсыныстарымыз болса Президент пен Үкіметке жолдайық. Олардың жасампаз ұсыныстарға ашық екені кешелі бүгін белгілі болды.

Халық әлеуетін ел игілігіне пайдалануға жағдай туғызатын саяси реформалар да дайындалып жатқанын, олардың қоғаммен, сарапшылармен талқыландырылған соң жарияланатынын кеше Президент хабарлады. Олар билік тармақтары тепе-теңдігі, сот тәуелсіздігі мен әділдігі, парламент пен мәс-

лихаттағылардың халық өкілдері болуын қамтамасыз ету, сөз бен жиналыс бостандығы секілді бағыттарды қамтиды деп сенемін.

Сонымен қатар, президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халықты еститін мемлекет» тұжырымдамасы жүзеге асуы үшін де саяси реформалар қажет.

Себебі, халықты есту қабілеті мемлекеттік аппарат пен биліктің кәсібилігіне байланысты болса, халықты естіп, түсінуге деген ынтымақ пен құлық лауазым иелерінің тағдырын халық пікірімен байланыстыратын саяси жүйеге тәуелді.

Осы реформалар туралы ұсыныстарды енгізіп, оларды талқылауда азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың саяси пікірталасты жасампаздық сайысына айналдырып, оң өзгерістерге мұрындық болуларына тілектеспін.

Бұл біздің кешегі қантөгісте шәйіт болған боздақтар мен тәуелсіздікті аңсаған ата-баба әруағы және болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз. Алла елімізге жар болсын! Тәуелсіз Қазақстан мәңгі жасасын!

Құрметпен,  
Алихан БАЙМЕНОВ

# МАҢҒЫНА ПРОПАГАНДИСТЕРІ ТОПТАСТЫ»



Орталық Азияда мұндай әдіс қолданылды, яғни бұрынғы басшылармен жұмыс істегендердің капиталын алып алды. Қырғызстан президенті Садыр Жапаров қызық әдіс қолданды. Ол саяси және бизнес элитаның көбін Құмтөр алтын кеніші айналасындағы жемқорлық үшін айыптады. Кейбірін түрмеге отырғызды. Кейін олармен келіссөз жүргізіп, олар ақшаларын аударды да, босап шықты.

Олигархтармен жұмыс істеудің түрлі әдісі бар. Басқаларға сабақ болу үшін кейбіреуін қампа қояды, «ешкім жазасыз қалмайды» дегендей ишара танытады. Билікке мойынсұнағанын, яғни Тоқаев айтқан жобаларға капиталын қосуға ниеті барларын қалдырады (ол бұл қор мемлекеттік болмайды, белгілі бір ресурстар есебінен өмір сүреді деді ғой). Меніңше дәл осы қорды олигарх топтар қаржыландырады, себебі оларды бұған мәжбүрлейді. Меніңше, бұл «Путиннің вариантына» келеді.

**Азаттық:** *Өткен аптада Азаттыққа берген сұхбатыңызда Тоқаевты «жарқындалған президент» деп атап өдіңіз. Енді ол туралы осылай айтуға келе ме?*

**Досым СӘТПАЕВ:** Қазір «жартылай транзиттің» аяқталғанын көріп отырмыз. Бұл дағдарыс Тоқаевқа биліктің нығайтуға мүмкіндік берді, өткен жылдың соңында оның қолында мұндай билік болмаған. Былтыр оған «Нұр Отан» партиясы төрағасының орнын берді, ал биыл тағы бір маңызды қызмет – Қауіпсіздік кеңесі төрағасына басшылықты қолына алды. Назарбаев саясат сахнасынан кеткенде жартылай транзит дәуірі аяқталады деп бұрыннан айтып жүрміз. Бұл жағдай Тоқаевқа номенклатура ішінде және

бүгінгі сөзі арқылы қоғам арасында позициясын нығайтуға мүмкіндік берді. Бүгінгі сөзінде әлеуметтік-экономикалық мәселеге ерекше көп назар аударылды.

**Азаттық:** *Иә, Тоқаев әлеуметтік саясат туралы көп айтты. Үкіметке «халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлеуге», инфляцияны ауыздықтап, жұмыссыздықты азайтуға тапсырма берді. Тәртіпсіздік елдегі теңсіздікті ашық көрсетті дегені популизмге ұқсас кетті...*

**Досым СӘТПАЕВ:** Әрине. Менің ойымша, бұл – қазір Тоқаевтың айналасында жүргізіліп жатқан саяси-технологиялық жұмыстың бір бөлігі, сондықтан ол мұндай мәлімдемелермен қоғамның бір бөлігін өзіне тартады.

Оның сөзінің нақтылау көрінген негізгі бөлігіне қарайтын болса, онда бірінші президентпен байланысы бар делінетін жекелеген қаржы-өнеркәсіптік топтардың қаржылық қызметін бақылауға байланысты сұрақтар бар. Қазір меншікті қайта бөлісу басталып жатқаны байқалады. Бұл әдетте бір адамның күші азайып, екіншісі күшейген кезде болады. Бұл Орталық Азияның көп еліне тән. Өзбекстанға қараңыз: Ислам Каримовты мақтағандар енді Шавкат Мирзиёевті солай мадақтап жатыр. Түркіменстанда бірінші президент Сапармұрат Ниязов қайтыс болғаннан кейін Гурбангулы Бердімұхамедовтың жеке басына табыну қалыптасты. Қазірдің өзінде осындай алғышарттарды көріп отырмыз. Бұған қалай жол бермейміз? Қазақстан бифуркация нүктесі деп аталатын жағдайда тұр.

Алдымызда бірнеше жол тұр. Әр дағдарыс

өзгеріске жол ашады, бұл – классика. Бұл мүмкіндікті пайдаланба, қазір алаңды олигархтар мен тиімсіз мемлекеттік аппараттан, биліктің барлық деңгейіндегі саботаж жасаушылардан тазаламаса, азаматтық қоғаммен жұмысты бастамаса, саяси жүйені өзгертпесе (ірі наразылықты болдырмаудың жолы сол ғана, себебі наразылықты заңды түрде шығарудың жолы бар болса, әлеуметтік пар жиналып қалмайды), «30 жыл босқа өтіпті, барлығын жаңадан бастаймыз» демесе, елді жоғалтып аламыз. Екінші жол – бар күшімен жүйенің қаңқасын сақтап қалу, мардымсыз өзгеріс жасап, барлығын мүлкіті бөлісумен шектеу, бір олигархты екіншісімен алмастыру. Бұл бір орында кібіртіктеу болады.

**Азаттық:** *Қазіргі билік түбегейлі өзгеріске бара ала ма? Амбициозды мемлекеттік аппарат – бағыс.*

**Досым СӘТПАЕВ:** Түбегейлі өзгеріс туралы қандай да бір салмақты бастама естімедім. Бұрын өзі айтып жүргендерді қайталау болды. Реформалар пакеті... Мәселен, былтырғы сайлау мен реформалар туралы мәлімделерден соң парламент те сол бұрынғы парламент болды. Кеше ғана Назарбаевты мақтап отырған депутаттар бүгін дәл солай Тоқаевты мадақтап отыр. Тоқаевтың маңына кезінде Назарбаевқа мадақ айтып жүрген оның пропагандистері мен бұлбұлдары топтасты, енді олар екінші президентке де солай мадақ айта бастады. Бұл алаңдатады. Бесенеден белгілі қағидат: патшаны жасайтын – оның айналасы. Кадрларды түбірімен қайта жасақтап, билікке жаңа адамдарды әкелмейінше (оны жаңа әлеуметтік лифтілер мен әділ де таза сайлаусыз

жүзеге асыру мүмкін емес), онда салмақты саяси өзгеріс күту бекер.

**Азаттық:** *Тоқаевтың алдында қандай сын-қатер тұр? Ол қазір не істеуі керек?*

**Досым СӘТПАЕВ:** Ол қазір дәл Назарбаев айтқанды айтып, шикізаттық емес экспортты ұлғайтамын, халықтың әл-ауқатын жақсартамын деп отыр. Бірақ ол 30 жылда барлық салада құрдымға кеткенімізді ресми түрде мойындаса, онда бір-екі жылда жағдайды түзеп аламыз деп үміттену ақымдық болар еді. Тіпті Тоқаев әзірге саясатқа тиіспей, үлкен саяси реформаларды бастайды деген күннің өзінде экономикалық жүйені өзгерту үшін 10-20 жыл керек болады. Мұны Грузияның бұрынғы президенті Михаил Саакашвилидің мысалымен жылдамдасатсақ, онда бір, бір жарым жыл ішінде жасауға болады. Бірақ ол үшін билікке Саакашвили болуы керек. Екіншіден, мемлекеттік аппаратты 90 пайызға өзгерту қажет. Үшіншіден, елге жұмыс істейтін, жемқорлыққа баптанған жас технократтардан жаңа элита қалыптастыру керек, ал бұл үшін саяси ерік-жігер қажет болады. Бұған қоса Саакашвили билікке революциядан соң келгенін, оған билікті мұрагерлікпен қалдырмағанын есте ұстаған жөн.

Меніңше, ең маңыздысы – біз жоғалтып алған ұрпақты не істейміз деген сұрақ. Бүлік пен тонауға қатысқан жастарды не істейміз? Алматыда бұл негізінен шет жақтардан келген азаматтар болды. Оларды қайта оқытып, бірден істеу керек. Бұл мәселені шешпесе, ертең басқа жерде тағы «жарылады».

Материал «Азаттық радиосы» сайтынан көшіріліп басылды



– Қазақстанда болып жатқан оқиғаларға қатысты қандай баға бересіз?

– Болған оқиға біраз нәрсенің бетін ашты. Біріншіден, әрине бұрыннан бері халықтың наразылығын тудырып жүрген қымбатшылықтың елді қатты мазалайтыны рас. Былтыр да баға едәуір көтерілді. Сол себепті олар көшеге бейбіт шеруге, өз наразылықтарын айтуға шықты. Бір қызығы осы оқиға қоғамда мемлекеттік төңкеріс жасауға ниетті теріс пиғылмен шектелмейді. Ертең басқа тұлғалардың да осылай қамалуы мүмкін. Өйткені ол жалғыз болған жоқ. Оның артында тұрған сыбайластары, серіктестері болды. Ондайлар үкіметте, әскер арасында, ішкі істерде, әкімдер арасында да болуы мүмкін. Осының бәрі ашылады. Яғни, біз үлкен саяси процестің алдында тұрмыз. Сондықтан бір нәрсе деп болжап айту өте қиын. Қазір ең бастысы тиісті қорытынды жасау. Бірінші кезекте бәріне себеп болған мәселе ол халықтың наразылығы. Осыған байланысты мемлекет басшысы Үкіметке тапсырмалар берді. Кейбір жасалуы тиіс шаралар аталып та өтілді. Бірақ, олар уақытша шаралар. Мысалы газ, жанармай бағасын 180 күнге дейін ғана тұрақтандыру деген сияқтылар. Онымен шектелмеуіміз керек. Біз түбегейлі экономикалық саясатты өзгертуіміз қажет. Ал ол үшін Үкіметтің құрамына жаңаша ойлайтын, өзіне жауапкершілік ала алатын азаматтар келуі керек. Олай дейтін қымбатшылық мәселесін депутаттар көтермеді емес көтерді. Жанар-жағар май, газ бағасының өскені де айтылды. Бағаны 125 теңгеге көтермеу керек екендігі де айтылды. Бірақ, оны тындайтын үкімет болмады. Бізге бір парақ қағазды берді. Нарықтағы ахуал солай деген тәрізді. Біз де соған үндемей отыра бердік. Дұрысында депутаттар да табандылық көрсетіп, тоқтамауы тиіс еді. Керісінше жауапты үкімет мүшелерін Мәжіліске шақырып, міне, халық мынадай талаптар қойып отыр, осыны шешіндер деп мәселе қойып, жігер, мінез көрсетуіміз керек еді!

– Кәрім Мәсімовтің ұсталғанын білесіз.

Ол еліміздегі ең ықпалды деген қызметтердің біразын атқарды. 2016 жылдан бері Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарды. Ол шынымен диверсия жасап, мемлекетті басып алуда тырысты ма?

– Енді оны тергеу жұмыстары көрсетеді. Мен ондай әрекеттерді сол кісі дәл өзі басқарды деп ойламаймын. Бірақ көз алдында болып жатқанды дер уақытында тоқтатпаған шығар. Ол өзі барлаушы, кәсіби маман. Егер ол бірдеңе жасаймын десе маман ретінде жасай алар еді. Мен ойлаймын оның кінәсі мемлекеттік төңкерістің дайындалып

жатқанын көріп тұрып, содырлардың дайындалып жатқанын біліп тұрып уақытында соларға шара қолданбағаны, тоқтатпағаны, айтапағаны. Оларға қолдау көрсеткендей болғаны. Оның ықпалы да, мүмкіндігі де жоғары. Егер ол бірнәрсе жасайтын болса басқаша жасар еді барлаушы ретінде. Егер өзі қатысты болса бірінші күні ұшаққа мініп бір жаққа кетіп қалуына да

әрекеттерге жол берілді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы тұтқындалды деген соң елімізде, билікте не болып жатқанын түсінбей қалдық қой тіпті. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшысы деген жай адам емес қой. Елбасының ең жақын серіктесі ол! Не дейсіз енді?

– Осындай жағдайдан Елбасының хабары болуы мүмкін бе?

– Енді мен ойлаймын. Елбасы мүдделі емес мұның бәріне. Ол кісі Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім білдірді. Ол сайлауда жеңді. Кеше ғана партияның басшылығын беремін деді. Ол кісі қолдау көрсетіп жатыр. Меніңше, ұйымдастырушылар – Елбасының шешімімен, таңдауымен келіспейтіндер. Олар Тоқаевтан бұл билікті тартып аламын дегендер. Олар Елбасының шешімімен, Президенттік сай-

қой. Халықтың мұны мәжілісте, парламентте айтылмаса митингтерде, алаңдарда айтыла бастайды. Парламентке халық тарапынан сенімсіздік болса, демек оның жұмысы лайықты орындалмай жатырғаны. Сондықтан депутаттар тек ұрандап-пай, жай депутаттық сауал жолдай салмай, мысалы бір проблема бар ма? Соның орындалуына, нақты шешілуіне үкіметті мәжбүрлеуіміз керек. Жай депутаттан спикерге дейін соның шешілуіне атсалысуымыз керек. Парламенттің үкіметке деген күзетін арттырып, парламентаризм принциптерін енгізуіміз керек. Мысалы, біз «Самұрық Қазына» сынды үлкен Ұлттық компаниялардың, өзге де газ-мұнай компанияларының миллиардтаған қаржысы қайда кетіп жатқанын білмейміз. Сол үшін қоғамдық бақылауды күшейту керек. Өзгеруге мүмкіншілік туды бізге. Соны дұрыс қолданайық. Ел арасындағы лидерлер – сөйлеп талап ете алатын тұлғалар. Олардың арасында билікті тұлғалар болса, мемлекеттік қызметте істеген тәжіри-

Берік ӘБДИҒАЛИҰЛЫ, Мәжіліс депутаты:

## ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕСТІ НАУҚАНШЫЛДЫҚҚА АЙНАЛДЫРМАУ КЕРЕК

болатын еді. Енді оның ондай мүмкіндігі бар ғой. Ол олай істеген жоқ. Орынында отырды. Сондықтан ойлаймын негізгі ұйымдастырушы ол емес басқа біреулер ме деп. Айтылып жүр ғой әртүрлі есімдер... Десек те осындай тұлғаның жанында жүріп әлдебір топтарға қатысы болуы үлкен кінәсі деп есептеймін. Бұл да үлкен саяси дағдарыстан хабар береді. Өйткені, биліктің Мемлекет басшысының қасына топтаспауы, биліктің ішінде осындай саяси топтардың болуы, қақтығыс ешқашанда саяси тұрақтылыққа әкелмейді. Қазір мына ахуал нәтижесінде бәрі Президентті қолдап, оның жанына топтасып жатыр. Қазір Президентте түбегейлі экономикалық және саяси өзгерістер жасау мүмкіндігі бар.

– Өзіңіз айтқандай, бәрі елдің наразылығынан туындады. Қаниама адамның қаны төгілді, қаниама адам қаза тапты? Енді осының бәріне біреу жауап беруі қажет шығар. Қалай ойлайсыз кім жауапты?

– Ең бірінші, бүлікті ұйымдастырушылар. Екіншіден, елімізді осындай жағдайға жеткізген экономикалық саясат. Үкімет отставкаға кетті. Үкімет дер кезінде тиісті шаралар қолдана алмады. Газ бағасының өскенін көре отырса да. Былай қарасаңыз технократтық көзқарас. Нарық осылай қалыптасты деген сияқты. Ешкім оның әлеуметтік-саяси зардабын есептей алмаған. Үкімет жұмысына саяси баға беру керек. Әйтпесе бұл одан әрі де қайталану береді. Дұрыс қорытынды жасалмаса. Міне, елдің мұның мәжіліс депутаттары Парламентте айтты. Үкімет оны тындаған жоқ. Жергілікті әкімдіктер тиісті шара қолданған жоқ. Ертен облыстың әкімдеріне, үкіметке, министрлерге де мемлекет басшысы Мәжіліске келіп тиісті бағасын беруі керек. Ең қиыны құқықтық органдарда бірлік болмады. Басынан-ақ мұның төңкеріс болуы мүмкін деген күдік болды ғой. Содан Мемлекет басшысы сырттан күш шақыруға мәжбүр болды ғой деп ойлаймын. Біз оның бәрін кейін біліп жатырмыз ғой. Біз өзіміздің Ұлттық қауіпсіздік комитетіне сенбей қалдық қой. Өуежай, банк, телеарналарға шабуыл жасалды, мордерлік

лаудың нәтижесімен келіспейтіндер. Билікке талас қой бұл мемлекеттік төңкеріс деген. Яғни Елбасының барлық тізгіні Қасым-Жомарт Тоқаевқа беремін дегеніне қарсы болғандар мемлекеттік төңкеріс жасамақ болып жатыр. Бұған Елбасының еш қатысы жоқ. Бұл, керісінше, сол кісіге де жасалған қастандық деп есептеймін.

– Халық мұны басқаша топшылап жатыр. Қанағарлық тартыс болуы мүмкін екенін айтуды.

– Оны жоққа шығармаймын. Екінші кезекте, халықтың көтерген мәселелері шешілуі керек. Сол үшін Президентке қолдау білдіруіміз қажет. Соның ішінде жемқорлық мысалға. Биліктегілер арасында да олнғархтар бар. Елбасының туысқандары бар, Кәрім Мәсімовтің өзі мен басқа да тұлғалар да бар. Сол қаражатты халыққа бермей өз қалталарына салып жатыр деген ақпараттар әлеуметтік желілерде өте көп. Оған кім жауап береді? Сондықтан да осы наразылықтардың бәріне жауап беріп, шама келсе осы қаржының бәрін елге қайтару жұмыстарын жүргізуіміз керек.

– Осы наразылықтардан кейін: «Қазақстанда билік жүйесі саяси реформалануы керек» деген талап бұрынғыдан да әжіл айтыла бастады. Сарапшылар да. Бүгін өзіңізде әлеуметтік желіде сондай жазба жариялапсыз. Ол қалай жезуге асуы керек? Қай салаларды, қандай органдарды реформалауымыз керек. Мемлекеттік жүйелер бір-бірінен тәуелсіз бола ала ма?

– Ол жазбам болған оқиғаларда депутат ретінде өз жауапкершілігімді сезінемін, түсінемін деген өз мәлімдемем. Өйткені, бұл үкіметте халықтың мұның айтуын айтсақ та, үкіметтен оны талап етпедік. Сондықтан мәжілістің жұмысында осыған көңіл бөлсек. Екіншіден халық арасында партиялық тізімге сенімсіздік бар. Сол себепті мәжіліс депутаттарының бір бөлігі партиялық тізімнен, екіншісін жеке округтік жолмен сайланса деймін. Бір мандаттық округтерден. Бұрынғыдай. Соны мен қоғамдық келісім Ұлттық Кеңестің мүшесі ретінде ұсынып отырмын. Мәжіліс деген бір халықтың көңіл-күйі, мұны сол жерден шығу керек

бесі болса, оларды да қарастыру керек. Көпшілік лидерлер мәслихат, мәжіліс, сенатта болуы керек.

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үндеу жасады. Осы Үндеуден кейін азаматтық қоғамда үлкен алаңдаушылық пайда болды. Өйткені Президент Тоқаев өзінің үндеуінде «Террористарға ірікті салған деп өздерін еркін санайтын БАҚ-тар деп атап көрсетеді. Азаматтық белсенділерді атайды. Бұл терроризммен күрес деген желеумен азаматтық белсенділерді, тәуелсіз журналистерді қудалау болмай ма? Мысалы «Азаматтық» радиосына қатысы бар деп ойлайсыз ба?

– Келісемін, әрине, оған жол бермеуіміз керек. Тіпті қазір ұсталып жатқандар бар ғой. Солардың арасында да әділетті сот болуы керек. Митингге шығушылар арасында өз еркімен елдің қамын ойлап, ұрандатып, елдің сөзін сөйлеп жүрген тұлғалар болуы мүмкін. Солар ертең террорист деген айыппа ілініп кетпеуі керек. Террористер бір бөлек шынында, бірінші соларды анықтап алу керек. Науқаншылыққа айналдырмау керек. Қазір олардың бәрін террорист қылып қамап, ішінде көшеге шыққан қарапайым азаматтар болса бұл да қателік болып, кері реакция беріп наразылықты күшейтуі мүмкін. Мұны науқаншылыққа айналдырмау керек.

– Науқаншылыққа айналып кетуі мүмкін бе? Сонда Тоқаевтың бұл сөзі нені білдіреді?

– Бұл ең бастысы арандатушыларға тоқтау салу ғой. «Шығындар, қарамаңдар, тындамаңдар!» деген сөздер бар ғой. Соларға тоқтау салу үшін. Бұл нақты Сізге, басқаларға айтылған жоқ қой. Біз жай жатқан жеке мемлекет емеспіз ғой. Бізді әлем, барша халықаралық ұйымдар бақылап отыр. Сондықтан да мен ойлаймын бәрі жария түрде, халықаралық заңдар негізінде шешіледі деп. Ең бастысы біздің жаңағы шаш ал десе бас алатын азаматтарымыз науқаншылыққа айналдырып жібермесе болды.

Материал «Азаматтық радиосы» сайтынан көшіріліп басылды

## ЕЛБАСЫНА ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ІРІ БАЙЛАРҒА ҮНДЕУ



Өмір дегеніміз – сенің осы өмірде болғандығыңды мәңгілік дәлелдеп тұратын айғақтар қалдыруға берілген мүмкіндік. О дүниеге аттанған адамның алары – екі метр бөз, қалары – жақсы, жаман сөз. Сондықтан да мемлекет арқылы байыған байлар шілдің боғындай шашырамай жайдың оғындай жарқылдап қалған уақыттарында қайырымдылық шараларымен айналысса, жиган-тергенін нашарға көмектесуге арнаса, Алланың алдында да, ағайынның алдында да бет-жүздері ашық болып, соңынан тек жақсы сөз ерері даусыз. Құдайдың берген мүмкіндігін құлына жұмсау арқылы қыруар сауапқа кенелер еді. Адам Алланың берген аманат жанымен көп болса жүз жыл өмір сүреді, ал халқының жадымен мың жыл өмір

сүреді. Ал халық жадымен өмір сүру үшін қара тұяғынан хал кеткенше, мұрынынан кан кеткенше, кеудесінен жан кеткенше халыққа қызмет ету керек. Елдің шынайы қайраткері мен тұлғасына айналғаннан артық бақыт жоқ. Сондықтан да Нұрсұлтан Әбішұлы бастап халық қазынасын халқына қайтарса, «мынау менің Тәуелсіз Қазақстанның экономикасына қосқаным» деп айта алса, «Елбасы» деген даңқты атағын мәңгіге сақтап қалары сөзсіз! Елбасы шын мәнінде елдің басы болып бастап, қалғандары қостап, Тәуелсіз Қазақстанымызды бірге өркендетейік!

Сіздерге деген құрметпен,

Бағдат Тілеуліұлы  
БАЙЖАНТАЕВ,  
ақын

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Кеңгірбай Смағұлов және мәслихат депутаттары Раушан Қапарова мен Жанар Салықова тыл ардагері Раиса Архиповамен кездесіп, оған мерекелік сый-сияпаттарын табыс етті.

## АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Раиса Михайловна мысты шаһарда 1950 жылдан бері тұрады. 33 жылдық еңбек өтілінде Жезқазғанның дамуына бір адамдай өз үлесін қосқан сүйікті қаласын өзге еш жерге айырбастамайтынын айтады.

– Сіздің өміріңіз бен еңбегіңіз бүгінгі жастарға әрқашан да үлгі-өнеге. Осындай мол қажыр-қайратымен, ынта-жігерімен ізденіп, тер төккен адамдардың арқасында ғана еліміздің әлеуеті артып, келешегі кемелдене түспек. Жыл басында сізге келіп, халыңызды сұрап кетуді жөн көрдік. Аман-есен ортамызда жүре беріңіз, – деген Кеңгірбай Смағұлов құттықтау хатын табыстап, ақжарма тілеу-гін білдірді.

Ақниет  
ТАҒЫБЕРГЕН

# АТА-ӘЖЕ АҚЫЛЫ – ДАНАЛЫҚТЫҢ БҰЛАҒЫ

*Қай халықтың болмасын тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне, күнкөрісіне сай бала тәрбиесінде қалыптасқан дәстүрлері бар. Біздің дана халқымыздың да сан ғасырлық тарихында атадан балаға мұра болып, айнымай, қадірлен, қастерлен ұстанатын ұлттық оқиғанымына негізделген тәрбие беру ережесі бар.*

Бұл үдіс мұра болып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жатады. «әке көрген оқ жонар, шешесі көрген тон пішер» деген қарапайым мақалда қаншама тәлім-тәрбие бар. Ер баланы елін, жерін қорғауға, қыз баланы отбасын құруға үйрететін тәрбиенің басы деп те айтуға болады. Қыз баланы жас кезінен бастап «Саусағың майысып шебер болар ма екенсің?!» деп әлдилесе, ер балаға «Шырағым, ер жетерсің, ер жетсең, сірә, не етерсің, шыңға шығып өсерсің» деп болашағына болжам айта отырып, бесік жырымен санасына сіңіре түседі.

«Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деп заманның да өзгеретінін болжайды. Қазіргі ақпараттық заманда елге ел қосылып, жастар қызыл-жасылға еліктеп, тамырынан ажырай жаздап отырған ғасырда ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу – үлкендердің қасиетті борышы.

Тамырынан ажыраған ағаш піриді, құлайды. Ал ол ағаш көктеу үшін оны баптау керек. Ұрпақ тәрбиесі де сол секілді. Өзінің кім екенінді таныту ұлттық киім киюден де басталады. Кейінгі кезде ұлттық киімдер тек сахнада немесе Наурыз тойында ғана киіледі. Ал қазақтың ұлттық киімдері шетелді таңқалдырған ерекше сәнді көрнекті киім екенін көп елдер мойындаған.

Мына өлең жолында айтылған: Үкілі көмшат, бүрмелі көйлек, Тұрғандай өзі қимылсыз билеп, Иықтан шашы төгіліп жерге, Күмісті шашбай жарасып белге, – деген өлең жолдары қазақ қызының әсем бейнесін танытып тұрған жоқ па?!

Қазіргі көшеде етегі жердің шаңын сүртіп, қап сияқты өңсіз матадан немесе қап-қара көйлек, хиджап киген қазақ қыздарын қазақ деп танымыз ба? Жоқ, олар ақшаға бола ұлтмыздың салт-дәстүрін ұмытқан ақылы аз және қоғамға қауіпті жандар деп ойлаймын. Жігіттердің де ұзын сақал қойып, намазды келеке қылып теріс оқитын елбұзарлық қылығын қайтөміз. Көпес-көрнеу көрмегенсіп жүргендегі тапқан пайдамыз кешегі елімізде болған оқиғалар ма?

Енді үлкендерге, яғни, ата-әжелерге үйде жылы жерде қарап жату жарамас. Тікелей өз ұямыздағы тәрбиеге атсалысатын уақыт жетті. Отбасында ата-әже, әке-шеше, мектепте ұстаздар, қоғамдық орындарда көпшілік болып қолға алсақ, жастар тәрбиесі түзелді деп ойлаймын.

**Айтжан ЖҮНСИОВА,**  
Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесі әжелер алқасының төрайымы

# ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСА ЕКЕН...

*Кеше ғана Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын тойладық. Жұрт мәре-сәре. Мекемелер де қарамағындағы адамдарды сый-сияпатпен марапаттап риза қылып жатыр.*

«Тәубе» дейміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Көшеде бір топ зейнеткерлер кездесіп қалды. Бізде мәзбіз. Әңгіме «осы бізді кім елеп-ескеруі керек» деген мәселеге ауысты. Ойлап тұрып, жерге қарадық. Зейнетке шығып, ешкімге керек болмай қалу деген, біртүрлі екен. Сонда баяғыдан маңдай терді сапырып тұрып істеген еңбектің зия кеткені ме? Ардагерлер кеңесі де үнсіз. Үлкен адамға жай көңіл болса болады ғой. Жағаға шығып қалған кемедей көңіл шіркін құлазып қалады екен. Әрине, біздікі міндетсіз емес, назымыз ғана. Қалай болғанда қазанда қайнап жатқан қоғамда зейнеткерлер ескерусіз қалмаса екен.

**Нақып ТАБЫНОВ,**  
еңбек ардагері

*Биылғы жылдың қаңтары қаһарлы басталды. Өз мұңдары мен мүдделерін бейбіт шерумен шешіп болған елдің әрекетін арам пизғылдылар «астарлы» пайдаланып, ақыры қарулы қақтығысқа ұласты. Салдарынан көптеген адам жапа шекті. Тіпті шейт болған боздақтар да бар...*

# ҚАҢТАРДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒАЛАР

*тарихтың қайталануы ма әлді сәйкестік пе?*



Осындай аласапыран оқиғадан кейін тарихқа жүгініп, өткенге зер салатынымыз бар ғой. Сонда байқағанымыз, барыс жылы бұрынғы да елдің басына бірқатар қиындықтар әкелген екен. Жалпы, халық бұл жылды (Барыс жылын. – *Авт.*) жайлы жыл деп санайды. Алайда, тарихи деректерде барыс жылы соғыс басталған, ел көтеріліп, адам шығындары болған.

2022 жыл – барыс жылы. Сонда мына қаңтардағы қанды оқиғалар тарихтың қайталануы ма. Әлде, әшейін сәйкестік пе?! Осы сауалдарға жауап іздеп ғаламторды біраз шарладым. Сонымен, тарихта барыс жылы несімен есте қалды? Соны әлім жеткенше талдап көрейін.

Барыс – сиыр жылынан кейін, қоян жылынан бұрын кіретін мүшел есебінің үшінші жылы. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде барыс жылын жолбарыс жылы деп те атайды. Барыс жылы XX ғасыр басталғалы 1902, 1914, 1926, 1938, 1950, 1962, 1974, 1986, 1998, 2010, 2022 жылдарға сәйкес келеді.

Тарихи деректерге сүйенсек, бұл жылдарда соғыс та басталған, бұл жылдары халықтың өмір сүру деңгейі де артқан. Тәуелсіздік алған жылдары елеулі оқиғалар да болған. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы Болат Сайлан былай деп жазыпты:

«1902 жыл қазақ халқында елеулі өзгерістер болды деп айта алмаймыз. Себебі ол кезде XX ғасырдың басталған кезі, біз патшалық Ресейдің құрамында болдық. Ол кезде патша үкіметіне қарсы түрлі үйірме ашылып, күрестер басталды. Бұл жылды саяси ояну кезеңі деп атауға болады. Қазақтарда сауаттылық дамыды деп айтуға ерте, бірақ көзі ашық зиялы қауым білім алып, тәжірибе жинады. Сондай-ақ бұл жылды патшалық Ресейдің саясатына араласа бастау кезеңі деп атауға болады. Ал халық тек өзгеріс күтіп отырды».

1914 жыл – тарихта есте қалатын жыл. Өйткені, бұл жыл – бірінші дүниежүзілік соғыс басталған жыл. Ресей бұл соғысқа дайындықсыз кірісті. Ал,

Қазақсан бұл соғысқа тікелей қатыспағанымен, Ресей азық-түліктің бәрін Қазақстаннан алды. Архив құжаттарына қарағанда, Түркістан өлкесінің өзінен 70 мың жылқы, 13 мың түйе жіберілген екен. Соғыста Ресейдің экономикалық жағдайын көтеру үшін қазақ ауылдары көптеп жәрдем берді. Ал, бұл халыққа ауыр тиді. Соның зардабы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне алып келді, – дейді тарихшы-мамандар.

Ал, 1926 жылдары қазақ халқы кеңес үкіметінің құрсауына кіріп, большевиктердің жетегінде кетті. Бұл жыл 1921 жылдармен салыстырғанда қазақ халқының еңсесі көтерілген кезең болды. Себебі Ленин бастаған большевиктер жаңа экономикалық саясат қабылдап, азық-түлік салғыртты салыққа алмастырып, шаруаларға еркіндік берген. Қазақстанда егістік жері ұлғайып, мал басы көбейген. Сонымен қатар сауатсыздыққа қарсы күрес, әйелдер теңдігі мәселесі де осы жылдары көтерілді.

«Келесі барыс жылы 1938 жылы болған. 1937-1938 жылдар – қазақ тарихындағы қаралы жылдар. Өйткені Сталин бастаған әкімшіл-өміршіл жүйе өзінің репрессия саясатын жүргізді. 1938 жылы қазақ халқының ішінен шыққан қаймақтары репрессия құрбаны болып кетті. Бұл қазақ халқының үрейленген, қамауға алынған жылдар ретінде тарихта қалды. Сондай-ақ олардың түрмеге тоғытылып, лагерлердің жүйелі жұмыс істеген жылдары», – деп жазады Болат Сайлан өз еңбегінде.

Тағы араға 12 жыл салып қайта келген барыс жылы 1950 жылға түсті. Бұл Сталин билігінің соңғы жылдары. Бұл екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі шығынның орнын толтыру жылдары ретінде белгілі. Өйткені, кінші дүниежүзілік соғыс орасан зор шығын алып келді. Сонымен бірге, елуінші жылдар – ауыл шаруашылығын қайта қалпына келтіру жылдары да болды. Бұл жылдары қазақ халқы соғыста қираған қала, колхоз, совхоздарды қайта тұрғызу үшін жаппай-тұрмай еңбек етті, халық шаруашылығы үшін күресті.

Ал 1962 жыл қазақ халқына оңай бола қойған жоқ. Бұл жыл қазақ халқының біраз жерінен айы-

рылып қалуымен тарихта қалды. Хрущев қазақ жерін талан-таражға салу саясатын жүргізді. Соның салдарынан Оңтүстік Қазақстанның біраз аймағы Өзбекстанға өтіп кетті.

1974 жыл тоқырау уақыты деп саналады, бұл жылдары қазақ тарихында аса маңызды өзгерістер болмаған.

1986 жыл. Бұл біздің тарихта «Желтоқсан оқиғасы» деген атпен жазылған жыл. Биыл оған 35 жыл болды. Колбин билікке келгенге дейін біраз мәселе қордаланып қалған еді, оның ішінде экологиялық, әлеуметтік-экономикалық тоқырау, колхоз бен совхоздың шығынға батуы бар. Осының бәрі жиналып қалған кезеңде биліктегі адам ауысып, Желтоқсан көтерілісі болды. КСРО-ның іргесінің сөгілуіне осы оқиға соққы болды. Әрине, ол қазақ халқына оңай тиген жоқ. Сол «Желтоқсан оқиғасында» қаншама адам құрбан болды, қаншама адам қуғынға ұшырады. Өйткені 99 адам сотталды, 12 жоғары оқу орнының ректоры қызметінен кетті, қаншама жас оқуынан шығарылды, қаншама адам партия қатарынан шығарылды.

Одан кейінгі барыс жылы Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде келді. Бұл кезеңдер еліміздің дәуірлей бастаған, еңсесінің көтеріле бастаған кезеңіне дәл келді. 1998 жылдары Қазақстан нарықтық экономикаға бет бұрған мемлекет ретінде танылды. Дәл осы жылы Қазақстан ордасы Сарыарканың төріне қонды. Жаңа астанамен ортақ өмір бастады.

Ал одан кейінгі барыс жылы 2010 жыл келеді екен. Бұл жылдың ең елеулі оқиғасы – Тәуелсіз Қазақстан әлемге таныла бастаған мемлекет болды. Қазақстан ТМД мемлекеттері ішінде алғаш болып Еуропалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының саммитін өткізуге төрағалық етті.

Хош. Тарихшылардың айтуынша, барыс жылы Қазақстан Тәуелсіздік алғалы жаман өтіп жатқан жоқ. Егемен еліміз барыс жылында барыс секілді күрескерлігінің арқасында көздегеніне жетіп жатыр. Биыл да сондай биік межелерді бағындырамызға сенім мол. Тек еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Бірлігімізден ыдыраймайық.

**Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ.**

# ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ – ҚЫМБАТ ҚАЗЫНА

Қазақ халқының да басынан қанша қасірет, небір нәубет кешіргені тарихтан белгілі. Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткерді. Алғаға шүкір біз сол нәубеттерден аман өтіп, мамыражай заманда өмір сүріп жатырмыз. Сабырлық пен тұрақтылық – біздің табан тіреуіміз тұғырымыз. Майқы би «Бетеге кетсе – бел қалар, бектер кетсе – ел қалар, берекең кетсе – нең қалар» деген. Біле білгенге бірлікке жетер байлық та, татулыққа жетер тірлік те жоқ. Бабаларымыз ер азамат ашуланса – сабырға, араздасса – пәтуғаға шақыру керек деген.

Тұрақсыздық пен алауыздықтың салдары бір халықты не мемлекетті бүтіндей құртып жіберетіндей қауіпті жайт. Бұл мәселеде бірқатар елдерді мысалға алуға болады. Сон-

дай жайтты өткерген елдің халқы тыныштықтың қадірін біледі. Тыныштық кез-келген қоғам үшін баға жетпес байлық. Тыныштық бар жерде бак тұрады

Тыныштықты Құдай береді. Бірақ оны сақтау, қорғау үшін қоғамның барлық мүшелері бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жабыла жұмылуы керек.

Қаншама қиындықпен келген қастерлі Тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау бүгінгі ұрпаққа аманат. Еліміздің шырқын бұзғысы келетін түрлі саяси топтар мен сыртқы күштер елдің ішіне ірікті салып, ортаға от тастауы мүмкін. Солай екенін жылдың алғашқы аптасы көрсетті. Сондықтан айтаққа ермей, ақылмен, сабырмен шешім қабылдайық.

Біз үнемі Тәуелсіздікті ең үлкен

құндылық деп келеміз. Ендеше осы ұлттық құндылығымызға сырттан қауіп төнгенде өзгенің сөзіне ермей-ік. Бірлігіміз бен ынтымағымызды сақтайық. Берекеміз кетпесін.

Бірлігіміздің бекем, төңірегіміздің түгел болуы үшін үнемі дұғада болу мұсылманның міндеті. Әр қазаққа қымбат байтақ даламыздың бағзыдан келе жатқан дәстүрін сақтап, бабалар салған жолды жалғастыру бізге жүктелген аманат. Бабаларымыз аманатқа қиянат жасамаған. Дәл осы тұтастық пен тыныштық Алладан келген нығмет екенін сезіне білу де бақыт.

Қадірлі бауырлар. Алланың пендесіне берер нығметі шексіз, санап тауысу мүмкін емес. Жаратқанның бізге берген нығметіне шүкір етейік, артық кетпейік.

Қымбатты отандастар! Алла

Тағала Құран Кәрімде: «Сендер, адам баласы үшін игілікті өмір етіп, жамандықтан тиятын, сондай-ақ, Аллаға сенетін қайырлы бір үммет болып шығарылдыңдар» дейді. Олай болса, біз де мұсылман баласы ретінде өзгелерді жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыйылуға шақырайық.

Осындай сындарлы сөзге еліміздің басын біріктіріп, ел игілігі мен бірлігі секілді ортақ мақсаттарға жұмылдыру басты құндылығымыз. Бізге ауызбіршілік ауадай қажет.

Алла Тағала елімізді тыныштығынан, береке-бірлігінен айырма-сын!

**Нұрперзент ОМАРОВ,**  
Ахмет ишан Оразайұлы атындағы Жезқазған мешітінің бас имамы

# ЕЛДІҢ БІРЛІГІ – БАСТЫ МАҚСАТ

Егемендіктің отыз жылдағы басты жетістігі саяси тұрақтылық деп мақтан тұтқан еліміздің айналасы бір аптада екі үш күнде ойран-топаны шықты. Тіл тиді ме, көз тиді ме? – кім білсін. ТМД елдерінің ішіндегі саяси тұрақтылық бізде деп кеуде ұрып жүрсе, бәрі бекер болды. Бейбіт шерудің аяғы бүлікке ұшырады. Кім кінәлі, кім жауапты? – деген сұраққа жауап іздеп көрелік. Бәріміз мақтанып айтып жүрген елдегі «саяси тұрақтылық» бір әдемі шыны тәрізді болды. Шамалы қысымды көтере алмай, шығынай жарылды. Екі жылдан бергі карантин шаралары бар, одан кейінгі дүние жүзіндегі барлық дерлік елдерде шикізаттың қымбаттауы бүкіл тауарлардың қымбаттауына әкелді. Бұл қарапайым халықты тығырыққа тіреді. Осындай экономикалық дағдарысты тез арада шешу жолдарын үкімет шұғыл анықтамады. Дүние жүзінде кез келген өндірістегі жұмыскердің айлығы шыққан өнімнің өзіндік құнының 15-30 пайызын құрайды. Ол шикізат болсын, дайын өнім болсын, шығарған өнім қымбаттаса жұмыскердің еңбек ақысы да көбейеді. Біздің «пысықтар» нарықтық экономика дейді де, ал

жалақыға келген кезде баяғы кеңестік тәртіппен тариф бойынша төлейді. Мұнай, газ, мыс, темір бағасы соңғы жылдары екі есе қымбаттады, әрине, дайын өнімді сатудан олигархтар байып жатыр, ал бұқараның тұрмыс тіршілігі төмендеді. Оған кең етек алған жемқорлық қосылды. Осыған байланысты батыс өңірінде басталған бейбіт шеруге, барлық аймақтар қосылды. Дұрыс, билік естісін, құлақ ассын деген ой болды. Бірақ ешкім бұны аяғы жаппай тәртіпсіздікке жалғасады деп ойлаған жоқ. Бір күнде Алматы қаласы отқа оранды. Елдің тәуелсіздігі қыл үстінде тұрды. Бейбіт шерудің артында арам пияғылы жандардың болғаны елге енді белгілі болау. Арандатушылар дейді, террористер дейді, кім десеніз де олар бізге жақсылық ойлаған жоқ. Олардың ойлары елді жікке бөліп, билік ету болды. Мындаған содырлар дайындықтан өткен болса, олар шет елдерден, шекаралардан қалай өтті? Солардың кесірінен қаншама адам мерт болды? Қалай ғана олар бейбіт бұқараның миын айналдырып, қолына қару берді, халыққа қарсы қойды. Бір түнде қаншама тонау, зорлау, адам өлтіру, тіпті жас курсанттың басын кесу жағдайы да болды. Далада тонып жүр ғой

деп өз дүкенінен арнайы тамақ дайындаған бір байғұсты дүкенін тонап, зорлап кеткен. Жасалған жауыздықтарда шет жоқ. Екі миллион халқы бар қала бір күнде ойран топаны шықты. Осы орайда ел Президентінің көрші елдердің әскери көмегіне жүгінгені де дұрыс деп ойлаймын. Себебі жанымыздағы көрші Ауғанстан тәліптері «Е, бұл не деген осал ел, кең байтақ жері бар», деп лап қоймасына кім кепіл. Сондықтан көрші елдердің әскери көмегі сыртқы жауларға біздің жалғыз еместігімізді көрсетті деп ойлаймын. Мың өліп мың тірілген қазақ халқының басына өте үлкен сын түсті. Елдің басшысы Қ. Тоқаев табандылық танытты. Ол, мен халықпен біргемін деп, ел бірлігін Конституция бойынша қорғайтынын ашық айтты. Енді ол елдегі саяси, экономикалық ахуалды жақсарту үшін түбегейлі өзгерістер енгізеді деп ойлаймын. Сонда халық оған сеніп, артынан ереді. Елде саяси және экономикалық күрделі өзгерістер ғана біздің болашағымыздың кепілі.

**М. ҚАЗАМБАЕВ,**  
Жезқазған қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы

Бірде Сәтбаев қаласындағы бір отырыста әңгімеден әңгіме шығып, ел арасында емшілігімен аты шығып жүрген, Сәтбаев қаласында тұратын Гауһар атты емші жайында біраз жылы лебіздер айтылды. Көптің емші жайындағы біраз оң пікірлері мен мысалдарын тыңдағаннан кейін мекен-жайын сұрап алып, алдына мен де бардым. Бар ойым – бойымды бір тазалатып, аурамды бүтіндетіп алу.

Есікті қағып кіргенімде алдымнан орамал таққан, орта бойлы, аққұбаша келген келіншек биязы амандасып, қарсы алды. Иманжүзді жан екен. Төрге озуымды ишарамен білдіріп, қарсы бөлмеге бастап кірді. Бөлмедегі биік үстел қасындағы орындықты меңзеп, отыруымды өтінді. Жайғасқаннан кейін «Қандай мақсатпен келдіңіз? Не мазалайды?» деп сұрады бірден. Мен: «Аса бір мазалап жүрген ештеңем жоқ, мүмкін болса, аурамды бүтіндетіп, тазаланып алсам деп едім», – дедім. Одан кейін ол орнымнан тұрғызып, дұға оқып, дем салды. Орнымызға қайта жайғастық. Жөн сұраса отырып, Ұлытаудың азаматы екенімді айттым. Емші: «Иә, Ұлытау тамаша жер! Шіркін, соның қасиетін жаһанға жарияласа, туризмі дамып кетуші еді», – деді өкінішін білдіргендей жүзін төмен салып. Мен де қарап отырмай «иә мені де осы тақырыптың мазалап жүргеніне үш жарым жылдың жүзі болды. Бірақ аудан әкімінің орынбасары болып отырып шығармашылық жұмыс істеу мүмкін емес екен. Астанаға қоныс аударғалы жатырмын. Сол үшін таяуда қызметімнен де кеттім. Қазір қолым босап, ми тынықтырып жүрмін. Алла қаласа, соған мен кірісетін шығармын. Ол үшін «Ұлытау аңыздарының ақиқаты» деген кітап жазбақшымын. Онда қасиетті орын Әулиетаудың аңызы және онда тілегі қабыл болған жандар жайында баяндалатын болады» дедім сырымды бүкпей. Бір кезде Гауһар емші ерекше шабыттанып, Ұлытауға барып, Әули-

етауға шыққаны жөнінде баяндай жөнелді.

«Тура 2020 жылдың 26 шілдесі. Айлардың сұлтаны қасиетті Құрбан айтқа не бары 3-4 күн ғана қалған болатын. Пандемияның нағыз күшейіп тұрған кезі еді. Өзім адам емдеп халықпен тығыз жұмыс істегеннен соң, оның үстіне неше түрлі жағдайдағы дертін дәру іздегендер келетін болғандықтан, оларды не қабылдарымды, не қабылдамасымды да білмедім. Оның үстіне 1976 жылы туған бауырым Зәуре Улыгманқызы онкологиямен ауырып, ауыр жағдайда болғандықтан не істерімді білмей, Алладан басқа көмек сұрауымыз қалмады. Жолдасы қайтыс болып, бір өзі 4 баласының асыраушысы болып отырған Зәуре бауырымыздың сырқаты жанымызға қатты батты. Ата-анамыздан қалған 5 ағайынды едік. (4 қыз, 1 ұл) 4 бауырымның да көріпкелдік, түс көретіндері, аян алатындары бар. Солай киналып жүргенімізде кіші сіңілім Ай-

гүл Улыгманқызы: «Түс көрдім. Түсімде Әулиетауға шығып барады екенбіз. Тау етегіндегі Ұлытау ерекше көрікке сніп, нұрланып тұрды. Биік-биік әйнектен салынған, жарқ-жұрқ еткен үйлер мен ғимараттар. Сол сұлулықтан көзімді ала алмай жатып ояндым. «Бұйырса, Ұлытау керемет дамып, нағыз туристердің қаласына айналады екен» деп жорыдым. Бізге тез арада Әулиетауға бару керек», – деді. Көп ойланбадық. Өзара ақылдасып алдық та, ертеніне бауырлар жиналып, бала-шағаларымызды ертіп, Ұлытауға тартып кеттік. Діттеген жерімізге жетіп, Әулиетау басына да көтерілдік. Басындағы аруақтарға құран бағыштадық. Шың басындағы тастарға тілек айтып, жапырлап қалай бастадық. Мен бірінші «Е, жаратушы жалғыз ием, елімнің тыныштығын бере көр, елімді індеттен аман алып өте көр, халқымның бірлігі мен амандығын бере көр!» деп жалбарындым. «Халықтың қиналған тұсында, ең болмаса, зейнетақы қор-



«Көп тілеп Құдайдың миын ашытқым келген жоқ. Негізі ондай қасиетті жерге шын киналып жүргендер, нақты сұрайтын бір тілекпен ғана бару керек қой. Мен бірінші кезекте Алладан Зәуре тәтемнің сауығып кетугін сұрадым. Екінші, кинап тұрған мәселем ғой. Нұр-Сұлтан қаласынан бір бөлмелі болса да баспана алуымды тіледім», – деді ойланбастан. «Құдай тілегіңді қабыл қылсын!» дедім мен де, тілегіне тілек қосып. Баламның Әулиетау басында тілеген тілегі де қабыл болып, құдай бұйыртып, бір жылға жетпей Нұр-Сұлтан қаласынан үй алды.

Ұлытаудың іргесінде тұрып, Әулиетау туралы қанша естіп жүрсек те, осы уақытқа дейін мән бермегеніме өкіндім. Осындай таңғажайып мекеннің бауырында өсіп, осы уақытқа дейін бармағаныма бармағымды шайнадым. Басына шықпағаным аяғымды. Сол уақыттан бері киелі Әулиетауды ертерек көрмегенім үшін, басына шықпағаным үшін бес уақыт намазымда құдайдан жалбарынып, кешірім сұраумен келемін.

Әулиетаудың – қасиеттер мекені, тілектер қабыл болатын орын, шапағат тұрағы екеніне шүбәсіз сендім.

Біздің осы оқиғамыз да сіздің сол кітабыңызға енсе екен. Сол кітап арқылы бір кісіге болсын шапағатымыз тисе, бұл көпке жасаған көмегіміз болары сөзсіз. Біз солардың батасымен көгереміз әлі», – деді сенімді үн, риза көңілмен.

Құдаймен ауызба-ауыз сөйлесе алатын пайғамбарлардың өздері «Адамның жүрегін не оятатынын жете білемін дей алмайды» екен. Ендеше, періште аян беру үшін де адам оған дайын болу керек. Әулиетау сияқты Алланың нұры түскен қасиетті орынға шын сеніп, жүрегін иман нұрымен сәулелендіріп, таза дәретпен көтерілген абзал.

Бағдат БАЙЖАНТАЕВ, ақын, өлкетанушы



ларының бір бөлігін беріп, елді бір көтеріп тастаса екен» деп тіледім. Сол кезде зейнетақы қорының бір бөлігін беру жөнінде әңгіме көтеріліп жатқан. Одан кейін химиотерапия алып, ауыр жағдайда жатқан бауырымның жазылуын тілеп «иә, Алла, бәрі бір өзіннің қолында ғой, сіңілім Зәуре Улыгманқызын бала-шағасының несібесіне аман ете көр, деніне саулық, дертіне шипа бере көр» дедім жанарыма жас алып тұрып. Үшінші «бала-шаға, туыс-туғанымызды көлденең кеселінен, ғайыптан келер ала қайғынан сақтап, баршасына бақ-дәулетті ұзақ ғұмыр, қызық өмір бере көр, е, жаратқан, өзін тура жолыңды көрсетші, ешкімге зияным тимесе екен» деп жаратқанға жалбарындым. Бәрі де солай өз тілектерін күбірлеп айтып, тау тасынан мұнара қалап жатты. Сол күні кештетіп, үйге ерекше әсермен оралдық.

Сол кездерде ем алғысы келетін халықтың да хабарласуы көп болды. Бірақ

жақын-жуық жанашырларым «Індет кезінде ем қабылдамай тұра тұр, өзің де қауіп, өзгенің де обалына қаларсың» деп қарсылығын білдіріп бақты. Не істерімді білмей жүргенімде маған «Індетке қарамай алаңсыз адам қабылдай бер, емің шипалы болады» деп түсімде аян берді. Содан кейін мен пандемия уақытында да емімді үзбей жүргізе бердім.

«Шын жыласа соқыр көзден жас шығып, шын сұраса Алланың бермейтіні жоқ», – деп дана халқым тегін айтпаған ғой. Құдайдың құдіретін қойсаңызшы! Алланың қалауымен сырқатының кесірінен Әулиетауға бара алмай қалған Зәуре сіңілім тәуір болып, жазылып кетті. Елге зейнетақы қорының бір бөлігін алу туралы шешім де қабылданды. Жалпы «Жолымыз ашылды» десе де болады. Бірде дастарқан басында отырғанда Әулиетау есіме түсіп, баламнан «Өткенде Әулиетау басында қандай тілек тіледің?» деп сұрадым. Ол болса

АЛ КЕРЕК БОЛСА

Баршаға мәлім, 2019 жылдың шілдесінен Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев декларациялауды енгізуді 2021 жылдың 1 қаңтарына ауыстыру туралы Заңға қол қойды. Бастапқыда декларацияны 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап тапсыру жоспарланған болатын. Қазір Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялауға кезең-кезеңімен көшу жалғасып жатыр.

# ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ

## 2022 ЖЫЛЫ НЕ ӨЗГЕРЕДІ?

Бұл шара 2022 жылы да жүргізілетін болады. Алайда табыс туралы декларацияны тапсыратын азаматтардың санаты өзгермесе де, есеп беру нысанына қатысты біршама өзгеріс енгізілмек.

Орайы келгенде айта кетейік, жалпыға бірдей декларациялауға көшу 2025 жылға дейін төрт кезеңде өтеді. Оның бірінші кезеңі 2021 жылдың 1 қаңтарынан басталды. Бұл кезде жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын қазақстандықтар мен олардың жұбайы; мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілер мен олардың жұбайы; мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайы; «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сактандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарға сәйкес декларация тапсыру міндеті жүктелген адамдар табыс туралы декларацияларын тапсырды.

Екінші кезең екі жылдан кейін, яғни, 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Бұл кезеңде мемлекеттік мекемелердің жұмыскерлері мен олардың жұбайлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері мен олардың жұбайлары үшін декларациялау көзделді.

Осылайша, 2022 жылы декларация тапсыратын азаматтардың санаты өзгермейді. Алайда есеп беру нысаны өзгереді. Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті баспасөз қызметінің мәліметінше, 270 декларация нысаны 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі. Бұған дейін шенеуніктер мен олардың жұбайлары декларацияның 250 нысанын тапсырған.

«2021 жылы активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны (250) ұсынған жеке тұлғалар 2022 жылдан бастап жыл сайын кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270) ұсынуы қажет, онда жеке тұлғалар жыл ішінде елде және Қазақстаннан тыс жерлерде алынған кірістер туралы, салықтық ше-



герімдер туралы, мүлкі сатып алу және (немесе) иеліктен шығару және (немесе) өтеусіз алу туралы, Қазақстаннан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі шоттардағы ақша туралы және басқа да мәліметтерді көрсетуі қажет», – деп хабарлады комитет.

Егер 250 нысаны кіріс декларациясы болса, 270 нысаны жеке тұлғалар ұсынатын жыл сайынғы нысан болады. Декларацияны тапсырушылар шығыстарды жабу көздері (жылжымайтын мүлік, көлік және т.б. сатып алу немесе сату) туралы есеп береді.

Үшінші кезең 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Бұл кезеңде заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары және олардың жұбайлары, жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары үшін декларациялау енгізіледі.

Ал 2025 жылдың 1 қаңтарынан азаматтардың қалған санаттарын декларациялау енгізіледі, яғни барлық қазақстандықтар үшін декларация тапсыратын болады.

Ізтай БЕЛГБАЙҰЛЫ. (Сурет галаттордан алынды).

## ДҮЙСЕНБІ 17 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:25 «Тәуелсіздік тәуекелдері».7:00 «Шебер Мэнни». М/х. 8:00 «Тапsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Qyзуқ екен...». 14:00 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Арпа». 16:05 Деректі фильм. 17:00 Aqparat. 17:15 «Qyзуқ екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashуқ алаң». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 0:00 «Күйеу бала». Т/х. 1:00 «Сана». Ток-шоу. 2:00 Aqparat. 2:35 «Ashуқ алаң». 3:25 «Телдерігер».

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. 13:00 Т/х. «Шайқалған шаңырақ».

## СЕЙСЕНБІ 18 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:25 Aqparat. 7:00 «Шебер Мэнни». М/х. 8:00 «Тапsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Qyзуқ екен...». 14:00 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тәуелсіздік тарландары». Д/ф. 15:50 Д/ф. 17:00 Aqparat. 17:15 «Qyзуқ екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashуқ алаң». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 0:00 «Күйеу бала». Т/х. 0:50 «Сана». Ток-шоу. 1:45 Aqparat. 2:20 «Ashуқ алаң». 3:10 «Телдерігер».

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Келінжан». 13:00 Т/х. «Шай-

## СӨРСЕНБІ 19 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:25 Aqparat. 7:00 «Шебер Мэнни». М/х. 8:00 «Тапsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Qyзуқ екен...». 14:00 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Тұлға». Д/ф. 15:50 «Қазактар». Д/ф. 16:25 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Qyзуқ екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashуқ алаң». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 «Сана». Ток-шоу.1:15 Aqparat. 1:50 «Ashуқ алаң». 2:40 «Телдерігер». 3:25 «Қазактар». Д/ф.

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Келінжан». 13:00 Т/х. «Шай-

## БЕЙСЕНБІ 20 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:25 Aqparat. 7:00 «Шебер Мэнни». М/х. 8:00 «Тапsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Qyзуқ екен...». 14:00 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 «Шыңарақ». 15:40 Көркем фильм. 17:00 Aqparat. 17:15 «Qyзуқ екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashуқ алаң». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Meniі Qazaqstanym». 1:15 «Ashуқ алаң». 2:05 «Телдерігер». 2:50 «Ауылдастар».

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Келінжан». 13:00 Т/х. «Шай-

## ЖҮМА 21 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:25 Aqparat. 7:00 «Шебер Мэнни». М/х. 8:00 «Тапsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Дениз». Т/х. 12:00 «Үміт». Т/х. 13:00 Aqparat. 13:10 «Qyзуқ екен...». 14:00 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Көркем фильм. 17:00 Aqparat. 17:15 «Qyзуқ екен...». 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashуқ алаң». 21:30 «Үміт». Т/х. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 «Күйеу бала». Т/х. 0:20 Aqparat. 0:55 «Ashуқ алаң». 1:45 «Телдерігер». 2:30 «Ауылдастар».

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 Мегахит. 12:00 Т/х. «Келінжан». 13:00 Т/х. «Шай-

## СЕНБІ 22 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:30 Aqparat. 7:05 «Сырлы сахна». 7:35 «Әйел әлемі». 8:10 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 8:35 Мультфильм. 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 Концерт. 14:00 Көркем фильм. 16:15 Мультфильм. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Másele». 20:40 Концерт. 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 Көркем фильм. 1:05 «Másele». 1:45 «Әйел әлемі».2:20 «Киелі Qazaqstan». Д/ф. 2:45 «Ауылдастар».

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Өзін-өзі тану». 7:15 Телесериал. 9:00 «Tangy fresh». 10:00 XXI га-

## ЖЕКСЕНБІ 23 ҚАҢТАР

## QAZAQSTAN

6:05 «Ауылдастар». 6:30 «Toláǵai». 7:00 Д/ф. 8:00 «Сағиндырған әндер-ай». 9:20 «Таррун». 10:00 «Дениз». Т/х. 12:00 Концерт. 14:20 Мультфильм. 18:00 «Дениз». Т/х. 20:00 «Арпа». 20:50 «Жүзден жүйрік». 22:30 «Өмір ызғары». Т/х. 23:30 Концерт. 0:10 Көркем фильм. 2:20 «Арпа». 3:10 «Ауылдастар».

## ХАБАР

5:00 Телесериал. 7:00 «Самопознание». 7:15 Телесериал. 9:15 «Байланыс аясынан тыс жерде». 10:15 «Ән әлемі». 11:00 Кино. 13:00 Т/х мара-

15:00 «Бүгін». 16:00 Телесериал. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Біздің назарлар». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Пять причин не влюбиться в казаха» Х/ф. 15:00 «Қош келдіңіз!». 15:50 «Құлпаштың хикаялары». 16:30 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 Astana times повтор. 03:40 «Қош келдіңіз!». 04:20 «Құлпаштың хикаялары». 05:00 «Q travel».

калған шаңырақ». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Телесериал. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Сенат аскакалов». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Сырты бүтін». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!». 15:50 «Құлпаштың хикаялары». 16:30 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 Astana times повтор. 03:40 «Қош келдіңіз!». 04:20 «Құлпаштың хикаялары». 05:00 «Q travel».

калған шаңырақ». 15:00 «Бүгін». 16:00 Телесериал. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Сборник. «Пәленшеевтер». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Сырты бүтін». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!». 15:50 «Құлпаштың хикаялары». 16:30 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 Astana times. 03:40 «Қош келдіңіз!». 04:20 «Құлпаштың хикаялары». 05:00 «Q travel».

Телесериал. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Сырты бүтін». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!». 15:50 «Құлпаштың хикаялары». 16:30 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 Astana times. 03:40 «Қош келдіңіз!». 04:20 «Құлпаштың хикаялары». 05:00 «Q travel».

риал. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 Сборник. «Пәленшеевтер». 21:00 Итоги дня. 21:30 Т/х. «Келінжан». 22:30 «Түнгі хабар». 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Сырты бүтін». 14:00 «Айтарым бар». 15:00 «Қош келдіңіз!». 15:50 «Құлпаштың хикаялары». 16:30 «Ай мен күн». 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 Astana times. 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 Astana times. 03:40 «Қош келдіңіз!». 04:20 «Құлпаштың хикаялары». 05:00 «Q travel».

сыр қобшасысы. 11:00 Кино. 13:00 Т/х марафоны. «Келінжан». 16:00 Телесериал. 18:00 Мегахит. 20:00 «Байланыс аясынан тыс жерде». 21:00 «7 күн». 22:00 Кино. 0:00 Әсем әуен.

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Келіндер». 15:00 «Қош келдіңіз!». 15:50 «Құлпаштың хикаялары». 16:30 «Семьянин» Х/ф. 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 «Келіндер». 04:00 «Қарлығаш күзет агенттігі».

фоны. «Пәленшеевтер» 16:00 Телесериал. 18:00 Мегахит. 20:00 Әсем әуен. 20:30 «Мәжіліс.кз». 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Әсем әуен

## АСТАНА

06:00 «Белгісіз жан». 07:00 М/ф «Маша и медведь». 09:25 «Қарындасым, қарлығашым». 11:10 «Қызым». 12:10 «Жауынгер». 13:10 «Келіндер». 15:10 «Клянусь тобой, любимая». Индийское кино. 18:10 «Фазилет ханым». 19:00 «Ене». 20:00 «Астана кеші көңілді». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Әйел тағдыры 2». 22:00 «Қарындасым, қарлығашым». 23:30 «Жауынгер». 01:00 «Сулеймен Султан». 01:50 «1001 түн». 02:40 «Келіндер». 04:00 «Қарлығаш күзет агенттігі». 05:00

**КТК**  
07.05 «Дау-дамайсыз». 07.30 «КТКweb». 08.00 «Жанған үміт», өзбек т/х. 10.00 “Любовь не по правилам”. 12.00 «Соломоново решение”. 15.30 “Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 18.00 “Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат”. 21.00 Вечерние новости. 21.40 “На твоей стороне”. 23.20 “Предвзятое отношение”. 01.10 “Без фильтров”. 01.40 «Астарлы ақиқат”. 02.25 “Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.35 «Мәссаған”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Ерке мұң». 08.00 «Оян, Qazaqstan». 10.00 «Полицейский с Рублёвки». 11.10 «Первые ласточки». 12.10 «Вдова». 13.10 «Q-елі». 13.30 «Ағайындылар». 14.30

**КТК**  
07.05 “Мерекелік концерт”. 07.20 Кешкі жаңалықтар. 07.50 «Жанған үміт», өзбек т/х. 09.30 Новости. 10.10 «Без фильтров”. 11.50 «Предвзятое отношение”. 13.40 «На твоей стороне”. 15.30 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 18.00 «Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат”. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «На твоей стороне”. 23.30 «Предвзятое отношение”. 01.20 «Без фильтров”. 01.50 «Астарлы ақиқат”. 02.35 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.35 «Мәссаған”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Ерке мұң». 08.00 «Оян, Qazaqstan». 10.00 «Полицейский с Рублёвки». 11.10 «Первые ласточки». 12.10 «Вдова». 13.10 «Q-елі». 13.30 «Ағайындылар». 14.30 «Ерке

**КТК**  
07.05 “Мерекелік концерт”. 07.20 Кешкі жаңалықтар. 07.50 «Жанған үміт», өзбек т/х. 09.30 Новости. 10.10 «Было дело”. 11.50 «Предвзятое отношение”. 13.40 «На твоей стороне”. 15.30 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 18.00 «Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат”. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «На твоей стороне”. 23.30 «Предвзятое отношение”. 01.20 «Без фильтров”. 01.50 «Астарлы ақиқат”. 02.35 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.35 «Мәссаған”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар .

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Ерке мұң». 08.00 «Оян, Qazaqstan». 10.00 «Полицейский с Рублёвки». 11.10 «Первые ласточки». 12.10 «Вдова». 13.10 «Q-елі». 13.30 «Ағайындылар». 14.30

**КТК**  
07.05 “Мерекелік концерт”. 07.20 Кешкі жаңалықтар. 07.50 «Жанған үміт», өзбек т/х. 09.30 Новости. 10.10 «Без фильтров”. 11.50 «Предвзятое отношение”. 13.40 «На твоей стороне”. 15.30 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 18.00 «Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат”. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «На твоей стороне”. 23.30 «Предвзятое отношение”. 01.20 «Без фильтров”. 01.50 «Астарлы ақиқат”. 02.35 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.35 «Мәссаған”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Ерке мұң». 08.00 «Оян, Qazaqstan». 10.00 «Полицейский с Рублёвки». 11.10 «Первые ласточки». 13.10 «Q-елі». 13.30 «Ағайындылар». 14.30 «Ерке мұң». 15.30 «Бас-

**КТК**  
07.05 “Мерекелік концерт”. 07.20 Кешкі жаңалықтар. 07.50 «Жанған үміт», өзбек т/х. 09.30 Новости. 10.10 «Без фильтров”. 11.50 «Предвзятое отношение”. 13.40 «На твоей стороне”. 15.30 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 18.00 «Жала мен жауыздық”. өзбек т/х. 19.30 Кешкі жаңалықтар. 20.00 «Астарлы ақиқат”. 21.00 Вечерние новости. 21.40 «На твоей стороне”. 23.30 «Предвзятое отношение”. 01.20 «Без фильтров”. 01.50 «Астарлы ақиқат”. 02.35 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.35 «Мәссаған”. 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар.

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 07.00 «Ерке мұң». 08.00 «Оян, Qazaqstan». 10.00 «Полицейский с Рублёвки». 11.10 «Дурная кровь». 13.10 «Q-елі». 13.30

05:00 «Q travel».

## КТК

07.05 “Мерекелік концерт”. 08.05 “Қасым”, т/х. 09.00 “Ктк-да Қабатыв”. 10.00 Новости. 10.40 “Смеяться разрешается”. 12.00 “Нарушая правила”. 15.30 “Аталар сөзі”, өзбек т/х. 17.20 “Замкнутый круг”. 21.00 “Большие новости”. 22.00 “Авантюра”. 01.40 “Министерство правды”. 02.20 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.40-04.30 “Ктк-да Кабатыв”.

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «У-гулет». 07.00 «Айна-online». 08.00 «Япырай». 09.00 «Такиясыз періште». 10.00 «Орел і рещка». 11.00 Х/с «Без колебаний». 15.40 Концерт. 16.30 «Зын-зын Күл-

«Q travel».

## КТК

07.05 “Бала дауысы”. 07.30 “Шаншар”. 10.00 “Дом культуры и смеха”. 12.00 “Авантюра”. 15.30 “Аталар сөзі”, өзбек т/х. 18.00 “Жұлдыздар мен ұл-қыздар”, ән-шашу. 21.00 “Портрет недели”. 22.00 “Хороший день”. 23.50 “Дом культуры и смеха”. 01.30 «Кектен туған махаббат”, түрік т/х. 03.30-04.30 “Бала дауысы”.

## 7-АРНА

06.00 «Қуырдақ». 06.30 «У-гулет». 07.00 «Айна-online». 08.00 «Япырай». 09.00 «Такиясыз періште». 10.00 «Орел і рещка». 11.00 Х/ф «Голодные игры: и выпехнет пламя». 13.30 Х/ф

«Ерке мұң». 15.30 «Бастық боламын». 16.30 «ИП Пирогова». 17.00 «Психологини». 18.00 «Полицейский с Рублёвки». 19.00 «Студия 7». 19.30 «Первые ласточки». 20.30 «Вдова». 21.30 Сериал «Сәке». 22.25 «Ағайындылар». 23.25 «Бастық боламын». 00.20 «Психологини». 01.20 «ИП Пирогова». 02.00 «Q-елі». 02.30 «Тамаша 7 км». 03.20 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 05.00 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08.00 «Гороскоп». 08.05 Документальный фильм. 09.00 «Болашаққа нұрлы көзбен қараймын» Жалғас Кенесовтың шығармашылық кеші.10.45 Мультфильм. 11.15 Деректі фильм. 11.45 Көркем фильм. 13.10 Деректі фильм. 13.40 «Ән шашу». 14.00 Фильм. 16.00 «Еске алу». 16.15 Мультфильм. 16.30 Т/х «Айналайын».

мұң». 15.30 «Бастық боламын». 16.30 «ИП Пирогова». 17.00 «Психологини». 18.00 «Полицейский с Рублёвки». 19.00 «Студия 7». 19.30 «Первые ласточки». 20.30 «Вдова». 21.30 Сериал «Сәке». 22.25 «Ағайындылар». 23.25 «Бастық боламын». 00.20 «Психологини». 01.20 «ИП Пирогова». 02.00 «Q-елі». 02.30 «Тамаша 7 км». 03.20 «Япырай». 04.00 «Айна-online». 05.00 «Қуырдақ» 04.50 «Айна-online». 05.20 «Қуырдақ».

## ДИДАР

08.00 «Бүгін». 08.30 «Гороскоп». 08.35 Документальный фильм. 09.30 Т/х «Айналайын». 10.00 Көркем фильм. 11.30 Деректі фильм. 12.00 Т/х «Асыл арман». 13.00 «Бүгін». 13.30 Документальный фильм. 13.45 Мультфильм.

ЖЫЛ ЕНІШСІ

# БИЫЛҒЫ ЖЫЛ – «БАЛАЛАР ЖЫЛЫ»

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа кірген 2022 жылды елімізде «Балалар жылы» деп жариялады, – дейді Zakon.kz Ақордаға сілтеме жасап.**

Қасым-Жомарт Тоқаев жыл айрығындағы алқалы жында өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасау қажеттігін айта келе, жаңа кірген Барыс жылын «Балалар жылы» деп жариялады. – Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі, олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын



болашағының сенімді кепілі. Сол себепті 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялау керек деп есептеймін, – деді Президент өз сөзінде.

Мемлекет басшысы сондай-ақ, бұл жылды тек ұрандап немесе мереке түрінде атап өтумен ғана шектелмей, балаларды қорғау мақсатында ең алдымен билік тарапынан денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласында нақты іс-шаралар жасалуы керектігін қадап айтты.

– Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз, – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

## ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА ЖЫЛЫ



Мемлекет басшысының айтуынша, мәдени-гуманитарлық өлшемдер тарихи байланыстарды

**Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа келген 2022 жылды ТМД халық шығармашылығы және мәдени мұра жылы деп те жариялаған болатын. Осының аясында тарихи байланысты сақтауға, мәдениет, туризм және спорт саласында өзара іс-әрекеттестікті нығайтуға бағытталған 100-ден астам шара өткізіледі деп жоспарланып отыр.**

сақтау және халықтардың одан әрі жақындасуында маңызды рөл атқарады.

– Елімізде өзіндік дәстүрлі халық қолөнері бар көп ұлт пен ұлыс тұрады. Барлық халық өткеннің мәдени мұрасын гасырлар бойы қастерлеп сақтап келеді. Сондықтан халық шығармашылығы жылы Қазақстанның көпұлтты мәдениетімен және халық шығармашылығымен мейлінше көп адамды таныстырудың мүмкіндігі болып отыр, – дейді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД елдері басшылары кеңесінің отырысында атап өткендей, халық

шығармашылығы және мәдени мұра жылы тарихи байланыстарды сақтауға, мәдениет, туризм және спорт саласында өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған 100-ге жуық іс-шараны қамтиды.

Президенттің айтуынша, бұрын қабылданған бағдарламалық құжаттарды сапалы жүзеге асыру бұл саладағы ынтымақтастықты терендетуге ықпал етеді.

Бұл – жастар ынтымақтастығы саласы, туризм саласы, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт саласындағы үш стратегия жайлы болып отыр.

**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.**

СПОРТ ДЕГЕН БІР СИҚЫР

# ЖЫЛДЫҢ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕЛЕРІ

### ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА

2022 жылғы отетін маңызды тарихи оқиғалар шымылдығын қысқы Олимпиада ойындары ашады. Жаһан жұрты асыға күтетін XXIV қысқы Олимпиада Қытайдың Бейжің қаласында отетін болды. Ол қытайлардың басты ұлттық мерекесі – Қытай Жаңа жылымен тұспа-тұс келеді. Спорттық іс-шаралар ақпанның 4-і мен 20-сының аралығына жоспарланған.



Олимпиадада қысқы спорттың жеті түрінен 109 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Атап айтқанда, спортшылар биатлон, бобслей, керлинг, конькимен сырғанау, шаңғы жарысы, шана спорты және хоккей сайыстарында бақ сынайды.

Олимпиада ойындары Бейжің орталығында, Яньцин және Чжанцзякоу аудандарында өтеді. Өкінішке қарай, COVID-19 пандемиясына байланысты Олимпиаданың салтанатты ашылу рәсіміне көрермендер кіргізілмейді. Бірақ жанкүйерлер төрт жылда бір келетін дүбірлі доданы көгілдір экраннан тамашалай алады.

Айта кетері, 2022 жылғы қысқы Олимпиада ойындары Қазақстанда өтуі де мүмкін еді. 2013 жылы Халықаралық Олимпиада комитетіне бірінші болып Алматы қаласы өтінім берді. Артынша Қытай астанасы Бейжіңнен өтінім түсті. Осылайша спорттық сайысты өткізу құқығына екі қала таласты. Дауыс беру қорытындысы бойынша Бейжің жеңіске жетті. Алматыға небәрі 4 дауыс жетпей қалды.

Бейжің – жазғы және қысқы Олимпиада ойындарын қабылдайтын алғашқы қала.

**Барыс жылы әлем жұртшылығы көптеген маңызды оқиғаның куәсі болады. Оның арасында саяси, мәдени, спорттық іс-шаралар жетерлік. Әсіресе өткен жылы спорт саласында кеткен есемізді қайтаратын кез келіп-ақ тұр.**

### ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ

2022 жылғы Түркияда IV Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді деп жоспарлануда. Халықаралық дода 2020 жылғы өтуге тиіс еді, алайда пандемияға байланысты екі рет шегерілді.

Дүниежүзілік көшпенділер ойыны – этникалық спорт түрлерінен өтетін халықаралық сайыс. Оның негізіне Орталық Азия көшпенді халықтарының ұлттық ойындары алынған. Мақсаты – өркениет мұрасы ретінде әлемде этномәдени және этносportты дамыту, ұлттық ойындарды жаңғырту.

Көшпенділер ойынын өткізу идеясын 2012 жылы Бішкектегі Түркі кеңесі саммитінде Қырғызстан ұсынды. Бұл бастама түркі тілдес мемлекеттерден қолдау тапты. Осыдан кейін 2014 жылдан бастап Көшпенділер ойыны екі жылда бір рет қырғыз елінде ұйымдастырылып келді. 2018 жылы эстафетаны Түркия қабылдады.

### ФУТБОЛДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

21 қараша мен 18 желтоқсан аралығында Катарда футболдан XXII Әлем чемпионаты өтеді. Катар өз тарихында футболдан әлем чемпионатын алғаш рет қабылдайды.

Жанкүйерлер финал матчын 18 желтоқсанда Лусайлдтегі Ұлттық стадионда тамашалай алады. Алаңға 80 мың көрермен сыяды.

Катарда жазда атап ыстық болатындықтан, бұл жолғы әлем біріншілігі қарашаның соңы мен желтоқсанның ортасына белгіленген. Осылайша ол мамырда, маусымда немесе шілдеде өтпейтін алғашқы турнир.

Әлем чемпионатының финалдық турниріне 32 құрама қатысады. Футболдан әлем чемпионаты – футболдан өтетін басты халықаралық сайыс. Біріншілікті ФИФА Әлем кубогы деп те атайды. Чемпионатты әлемдік футболдың басқарушы органы – ФИФА өткізеді. Оған барлық құрлықтан ФИФА-ға мүше елдердің ерлер ұлттық құрамасы қатысады.

Әлем чемпионатының финалдық турнирі Олимпиада сияқты 4 жылда бір рет өткізіледі. Алайда өңірлік турнирлерді ескерсек, әр мундиаль 3 жылдан астам уақытқа жалғасады.

Соңғы рет футболдан әлем чемпионаты 2018 жылы Ресейде өткен болатын. Қазіргі әлем чемпионы – Франция ұлттық құрамасы.

### ЖАЗҒЫ УНИВЕРСИАДА

2022 жылғы Қытайдың Чэнду қаласы Бүкіләлемдік жазғы Универсиаданы қабылдайды. Негізі, студенттер сайысы биыл тамызда өтуге тиіс еді, бірақ пандемияға байланысты келесі жылға ауыстырылды.

Жазғы Универсиада 26 маусым басталып, 7 шілдеге дейін созылады. Осы аралықта жастар 18 спорт түрінен бақ сынайды, 268 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Чэнду Универсиаданы өткізуге жалғыз үміткер қала болды. Бұған дейін Қытайда жазғы Универсиада 2001 жылы (Бейжің) және 2011 жылы (Шэньчжэнь) өткен болатын.

Универсиада – студенттер арасындағы халықаралық және ұлттық спорттық жарыс. Оны Халықаралық университет спорты федерациясы өткізеді. Жазғы және қысқы Универсиада әр екі жыл сайын ұйымдастырылады.

«Универсиада» атауы «Университет» пен «Олимпиада» сөздерінен құралған. Көбіне Бүкіләлемдік студенттер ойындары және Бүкіләлемдік университет ойындары деп те айтылады.

### ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Аймақтық «SARYARQA» газеті өз жұмысын жаңа басшымен, жаңа сипатта жалғастыруда. Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жандандырмақпыз. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін Whatspp әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базынасына үн қатуға ерқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз **8(701)-118-88-08.**

**Қадірлі оқырман!** Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басу үшін ерқайсысымыз атсалысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

**Құрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!**

2021 жылды жарқын естеліктермен қорытындылаған жерлестеріміздің бірі – **Анита АДИШЕВА.** Болашағынан зор үміт күттірер боксшы қызымыз Қазақстанның үздік 100 студентінің қатарына енді.

## ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ШЫҚҚАН АНИТА



2005 жылды дүниеге келген А. Адисева Кеңгір елді-мекенінің тумасы. Оның боксқа деген қызығушылығы да осындағы №2 мектепте ұйымдастырылған бокс секциясына барумен оянды. Басында жай бақ сынап көргісі келіп, дайындыққа барған Анаита шетелдерді аралап, шаршы алаңда Қазақстан намысын қорғайтындығынан мүлде бейхабар еді.

Анита Адисеваның осыдан екі жыл бұрын Екібастұз қаласында бокстан 2002-2006, 2004-2005 жылдары туған қыздар арасында өткен Қазақстан чемпионатында I орынды қанжығасына байлауы бүкіл Қарағанды облысының мерейін асырып тастаған еді. Қаршадай қызды жетелеп, қиын да күрделі салада дұрыс жол сілтеген бапкері – Айдар Сайдалин. Жігерлі ару мен жас бапкердің жетістіктері мұнымен тоқтап қалмады. Керісінше жақсы жаңалықтар әлі де алда тұғын. Солардың бірі – Анитаның былтырғы Дубай қаласында өткен Азия чемпионатында қола жүлдегері атануы. 48 келі салмақта өзбек қызын қапы қалдырған Анаита бұл додадан кейін іле-шала Татарстанның Қазан қаласында өткен ТМД елдерінің чемпионатының финалында тағы да өзбек қызымен кездесіп, тең түсті. Қайта бокстақанда жеңіске Анаита жетіп, алтын Қазақстанға бұйырды.

Қазіргі таңда боксшы қыз Жезқазған индустриалды-гуманитарлық колледжінде білім алады. Отбасында 4 ағайынды. Ол, ағасы, мен інілеріне қарағанда өзінің спортқа бейімдігін, ер мінезділігін асқар тау әкесінің қатал да тура тәрбиесінің арқасы деп біледі. Анитаның еліміздің үздік 100 студенті байқауына қатысуына өзі білім алатын оқу ордасы ықпал еткен. Үздік жүздіктің арасынан 36 орынға тұрақтауы да – ауыз толтырып мақтанарлықтай жетістік.

Алда уақытта олимпиада чемпионы болғысы келетін Анаита үздіксіз дайындық үстінде.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

**Ержан Бауыржанович МУХАНОВТЫҢ** атына тіркелген «М Асем Жезқазған» (БИН 302600225262) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қызметін тоқтатқанын хабарлайды.

**БАСПАСӨЗ 2022**

# SARYARQA

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

ГАЗЕТКЕ БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

- ЖЕКЕ ТҮЗІЛГЕН АУЫМҒА ЖЕТКІЗІП БЕРУ-4500 ТЕНГЕ
- РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ-3500 ТЕНГЕ
- ЗАҢДЫ ТҮЗІЛГЕН АУЫМҒА ЖЕТКІЗІП БЕРУ-7500 ТЕНГЕ
- РЕДАКЦИЯДАН КЕЛІП АЛУ-6500 ТЕНГЕ

«SARYARQA ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫ» ЖШС  
 ТОО «РЕДАКЦИЯ ГАЗЕТЫ САРЫАРҚА»  
 БСН/БИН 050340007333  
 ЖСК/ЛК КZ098560000225027  
 АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»

+7 (7102) 71 07 01  
 +7 777 890 22 58

**Whatsapp 8(701)-118-88-08**

